2023-2024 оқу жылы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылды. Сынып жетекшілерге толық біртұтас тәрбие бағдарламасы түсіндірілді. Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, таңдауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды.

Әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, жауапкершілік, еңбекқорлық, бірлік, ризашылық, бауырмашылдық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарыту қажет.

Ұлттық мүдде құндылығы Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға атсалысуға, оңтайлы имиджін қалыптастыруға, еліміздің мүддесіне, қоғам игілігіне адал қызмет етуге, ұлттық мұраға ұқыптылықпен қарауға және оны дәріптеуге, қазақ тілінің аясын кеңейтуге үлес қосатын, құқықтық, экологиялық мәдениеті жоғары ұрпақ тәрбиелеуге тұғыр болады.

Ұлттық мүдде құндылығын дарыту арқылы отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін, елінің тарихын құрметтейтін, ұлттық мұраны, мәдениетті дәріптейтін, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Ар-ұят құндылығы этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады және мейірімділікке, еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады. Ар-ұят құндылығы академиялық адалдық қағидатын қолдау, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, отбасының, өз ортасының абыройын асыру, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, мейірімділік таныту арқылы қалыптасады.

Ар-ұят құндылығы арқылы адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сол себепті талап құндылығы білім алушылардың сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны тануға құштар болу, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, дұрыс қарым-қатынас орната білу, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау дағдыларын дамытуға бағытталады. Талап

құндылығы құндылығы арқылы жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылығы жоғары, ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Адамзат баласының ежелден келе жатқан ортақ мүддесінің бірі – ұрпақ тәрбиесі. Ал келешек ұрпақ, өсіп келе жатқан жас буын – мемлекеттің болашағы. Оған ешкімнің таласы жоқ. Олай болса, енді бір бес-он жылдан кейін шешуші мемлекеттік құрылымдардың тізгінін ұстайтын азаматтардың төл тарихы мен мәдениетін тұмардай қастерлеп, әдебиетін әспеттеуі бүгінгі тәрбиенің, бүгін қалыптасып жатқан ұлттық сананың деңгейімен тығыз байланысты болмақ. Ал ақпарат тасқыны судай сапырылысқан мына жаһандану заманында қазақ жастарының ұлттық санасы қалай қалыптасып жатыр, қандай бағытқа бет алуда? Бұл бүгінгі күні санамызды өзге ұлттың, соның ішінде батыстың даңғаза музыкасы мен дарақы еңбектері аямай улап жатқан тұста ел басқарып отырған азаматтар мен зиялы қауымнан бастап, қарапайым әрбір азаматты ойландыруы тиіс.

**Бағдарлама аясында мектебімізде біршама іс-шаралар төмендегі жобалар бойынша атқарылды:**

**301 оқушы 301 оқушы 127 оқушы 124 301 оқушы 301 оқушы**




1-сынып білім алушыларының ата-аналары үшін – «Мектептегі бірінші күніміз», «Бірінші сынып – өмірдің жаңа кезеңі»; сынып жетекшілері үшін – «Жаңа оқу жылы құтты болсын, менің сүйікті сыныбым!»

"Жеткіншектің жеті жарғысы" жобасы аясында 5 қыркүйек Қазақстан халықтарының тілдері мерекесіне орай 9-10-сыныптар арасында өткізілген "Ахмет-ұлт ұстазы" тақырыбындағы танымдық сабақ. Ұйымдастырған: М.Мусеева, Клара Жантурсынова, 5 қыркүйек-Тілдер мерекесі. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай белгіленген. Осы орайда 4 "Ә" сынып оқушыларына "Туған тіл — халық айнасы" атты тақырыпта жасалынған көрмеге шолу жасалып, оқушыларға түсіндірілді. Ұйымдастырушы мектеп кітапханашысы: Кызгалдак Қуанышбекова.

"Жеткіншектің жеті жарғысы" жобасы аясында 3-сыныпта өткізілген "Тіл-ұлттың жаны"тақырыбындағы зияткерлік сайыс өте қызықты өтті. Өткізген- Назгул Серикова

Ұлытау облысының әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының хатына сәйкес денсаулық күніне байланысты «Сергіту сәті» челленджі өткізілді.

"Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса" жобасы аясында "О.Әлібаев атындағы ЖББМ" КММ "Назар аударыңыз-балалар!" Жедел-алдын алу іс-шарасы аясында "Бағдаршам еліне саяхат" тақырыбында бастауыш сынып білім алушыларымен ауқымды іс-шара өткізілді.Сынып жетекшілер: Назгул Серикова, Дана Абишева , Бағлан Утибаева

"О. Әлібаев атындағы ЖББМ" КММ "Назар аударыңыз-балалар!" Жедел-алдын алу іс-шарасы аясында 8-11-сынып ата-аналарымен ашық диалог өткізілді

Мектебімізде дублер күні өтті. Осы күні 11-10- сынып оқушылары барлық сабақтарда мұғалімдерді алмастырды. Осы жауапты іс-шараға балалар көп дайындалды: олар мұғалімдердің басшылығымен сабақ кестесін құрып, әр сабақтың жоспарын жазды. Таңертеңнен бастап мектепте ерекше атмосфера орнады, қыздар сәнді киініп, ұлдар костюмде галстук тағып осы күнді қызықты да, мазмұнды жетіп көрсетуге тырысты. Осы күні мектептегі тәртіп биік деңгейде болды.

Дублер күні - бұл оқушылар нағыз мұғалімдер бола алатын күн, сабақтарды жүргізудің маңызды екендігін сезіне алады. Осы күні мектеп директоры - Әбдікәрім Жансерік (11 "А"- сынып) және директорының орынбасарлары – Аман Мұқағали (11- сынып), Нағашыбек Арина (10"Ә" сынып) болды. Күн қорытындысы бойынша дублер болған оқушылар жиналыс өткізіп, әр қайсысы өз пікірлерімен бөлісті және мұғалім болу тек қана қиын емес, қызықты екен деген ортақ ойға келді.

Жас мамандары - Аманжолова Жаннұр, Рамазанқызы Аңсаған, Әубәкірова Айдана- ұстаздарды төл мерекесімен құттықтады.

"Жеткіншектің жеті жарғысы" жобасы аясында "О.Әлібаев атындағы ЖББМ" КММ-нде 09.10.2023 күні оқушыларға терроризм актісінің қауіпі туындаған немесе терроризм актісі жасалған жағдайдағы әрекеттер туралы жадынама таратылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Түсіндіру жұмысын жүргізген АӘТД пән мұғалімі Айдос Абикенов , сондай-ақ шараға әлеуметтік педагог Ұ. Спатаева, аға тәлімгер К.Смагулова, пән мұғалімдері Ислам Кутжанов , С.Аликаримов, ДТІЖО Айман Кутжанова қатысты

2023 жылдың 17 қазан күні «ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында 3-сыныпта "Айтыс-алтын қазына" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Бүлдіршіндердің айтыс өнеріне деген қызығушылығы керемет.Өткізген-педагог-сарапшы Назгул Серикова

21 қазан күні өткізілген "Мектеп Президентін" сайлау нәтижесінде 10-сынып оқушысы Қуандық Әділ Әбдіғалиұлы жеңіске жетіп, мектеп президенті атанды. , 27.10.23 күні" Мектеп Президентін ұлықтау" рәсімі өткізілді. Өткізген Кулова Сандуғаш



31.10.2023 жыл. Жаңаарқа ауданы. "О.Әлібаев атындағы ЖББМ" КММ-сінде "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында "Балалар кітапханасы" жобасы бойынша күзгі каникул кезінде мектеп оқушыларымен "Кітап-оқу сәні" атты буккросинг өткізілді. Өткізген: Кызгалдак Куанышбекова

Қызыққа толы күзгі демалыс "Ұлттық мектеп лигасы" жобасы аясында 7-8-сынып оқушылары арасында футболдан жарыс өтті. Нәтижесінде 8-сынып оқушылары жеңіске жетті.



Мектебімізде 2023-2024 оқу жылында оқушылардың күзгі демалысын қызықты ұйымдастыру мақсатында шахмат ойнаудан жарыс өтті Жарыс нәтижесінде 1-2-3-орындарды иеленген М. Айтбекұлы, Д. Нұртаза, Ә. Жақсылық аудандық жарысқа жолдама алды.

.15.11.2023 жыл. Жаңаарқа ауданы. "О.Әлібаев атындағы ЖББМ" КММ-сі. Бүгін-ұлттық валюта күні. Биыл теңгенің айналымға енгізілгеніне 30 жыл толды осыған орай мектеп кітапханасында көрме ұйымдастырылды. Ұйымдастырушы: Кызгалдак Қуанышбекова

Қаңтар аралығында Қазақ есебі челленджі («Тоғыз айғатоғызшара»жобасы), сонымен қатар Ұлттық өнер ұрпаққа мұра тақырыбында («Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы бойынша), сынып сағаттары өткізілді. Ақпан айында Оқуға құштар мектеп челленджі өткізілді. Ұйымдастырушы кітапханашы 14-23 наурыз 10 күндік жоспар құрылды. Жоспар негізінде іс -шаралар өткізілді.

"АСЫҚ АТУ" челленджі. Білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау мақсатындағы «АСЫҚ АТУ» челленджінің «Бес табан», «Бес асық» ойындары 2-4-сыныптар, 5-8- сыныптар арасында өтті.

"О.Әлібаев атындағы ЖББМ" КММ 20 қараша 11.00-де "Еркін тыныс ал!" тақырыбында жалпыреспубликалық флешмоб өткізіліп "Спорт "әнінің әуеніне оқушылар спорттық іс-қимылдар жасады. Іс-шара мақсаты: балалардың салауатты өмір салтына деген ұмтылысын қолдау,вейпингтің зияны,оның ағзаға тигізетін кері әсері,адамнаң жалпы хал-жайына, көңіл - күйіне және өмірлік белсенділігіне теріс әсер ету туралы хабардарлық деңгейін арттыру.

Мектебімізде буллингтің алдын алу мақсатында "Стоп, буллинг!" тақырыбында барлық сыныптарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Өткізген:педагог-психолог И.К.Истигулова

"Баланың бас ұстазы- ата-ана" тақырыбымен 8-сыныпта сынып ата-аналары Кулова С., Қоңырова бірлесе отырып тәрбие сағатын өткізді.Сынып жетекшісі Клара Жантурсынова өз кезегінде ата-аналарға әдістемелік қолдау көрсетті. Ата-ана сағаты барысында оқушылармен адамгершілік-рухани құндылықтар аясында жағымды пікір алмасу жүзеге асты.

29.11.2023 жыл. Жаңаарқа ауданы. "О.Әлібаев атындағы ЖББМ" КММ-сі. "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында "Балалар кітапханасы" жобасы бойынша 6"а" сынып оқушыларымен Балалар әдебиетінің бәйтерегі Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармасы жайлы кітапханаға сағаты өткізілді. Жетекшісі: Кызгалдак Куанышбекова

1 желтоқсан - Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күніне" және мектептің тәрбие жоспарына сәйкес, оқушылардың ЖИТС туралы білімін қалыптастыру, ЖИТС проблемасын түсіну, АИТВ-ға төзімділік және жұғу жолдары туралы білімдерін нығайту, инфекция және инфекциядан қорғау, жұқпалы аурулардан бойларын аулақ ұстауға, денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауға, салауатты өмір салтының ұстанымын қалыптастыру мақсатында мектеп медбикесі Оспанова Кулпаш мектеп оқушыларына танымдық сағат өткізді.

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасының "Еңбегі адал жас өрен" жобасы аясында 5 желтоқсан халықаралық "Еріктілер күніне" орай мектебіміздің "Адал ұрпақ" еріктілер клубының мүшелері ауыл мешітіне тазалық жұмыстарын жүргізді. Ұйымдастырған: аға тәлімгер К.К.Смагулова

7.12.2023 жыл. Жаңаарқа ауданы. "О.Әлібаев атындағы ЖББМ" КММ-сі. "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында "Балалар кітапханасы" жобасы бойынша 4"ә" сынып оқушыларымен, сынып жетекшісі Буденова Гүлнар мұғалімнің қатысумен Ыбырай Алтынсприннің "Бір уыс мақта" әңгімесінен көрініс көрсетті. Жетекшісі: Кызгалдак Куанышбекова

14.12.2023 күні Тәуелсіздігіміздің 32 жылдығы қарсаңында мектебіміздің ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспары аясында ДҒӘІЖО Алма Мамина , тарих пәні мұғалімдері Оразбек Ақзер, Жансерік Нұржанбаев, Айбек Оспан ұйымдастыруымен ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, егемен еліміздің болашақ патриоттарын тәрбиелеу, білім мен ғылымға құштар тұлғаларды қалыптастыру мақсатында "Туралықты тұғыр еткен Төле би" атты

конференция өтті. Оқушыларымызға келешекке бағдар беретін, ғылымға қадам жасауға түрткі болатын мазмұнға толы мағыналы іс-шара болды.

25 қазан Республика күніне орай " Жеткіншектің жеті жарғысы" жобасы аясында өткізілген "Көк тудың желбірегені" тақырыбындағы Отан, туған жер жайлы ақын өлеңдерін мәнерлеп жатқа айту байқауы тартымды өтті. Ұйымдастырған-Дана Абишева Тәуелсіздігіміздің 32 жылдық мерейтойы тұғырлы, баянды болсын. Әрқашан күн сөнбесін. Тәуелсіз Қазақстанның таңы нұрлы, егемен еліміздің ұрпағының еңсесі биік болып, көк аспанда қасиетті көк туымыз мәңгі желбіресін.

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасының "Жеткіншектің жеті жарғысы" жобасы аясында 5"А"-сыныбында тәрбие сағаты өткізілді .Сынып жетекшілері: Индира Истигулова

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасының "Жеткіншектің жеті жарғысы" жобасы аясында өткізілген "Тәуелсіздік -тұғырым" тақырыбында 4-сыныптарда өткізілген іс-шара.Сынып жетекшілері:Гүлнар Буденова , Рымжан Темешбаева 2 "Біртұтас тәрбие" бағдарламасының "Балалар кітапханасы" жобасы аясында ақын, ағартушы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл толуына орай жасалынған буктрейлер. Дайындаған: Иген Жұлдызай. 8 "ә" сынып оқушысы. Жетекшісі: Куанышбекова Кызгалдак Мухамеджановна.

Жас желектей жайқалып өсіп келе жатқан жас жеткіншектеріміздің санасына ішімдік, темекі, нашаның адам баласын аздыратынын, одан аулақ болу жақтарын түсіндіру мақсатында 5"А"-сыныбында "Нашақорлық- ғасыр дерті" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.Өткізген- Айбек Оспан.

1-сынып оқушыларының «Әліппемен қоштасу» шарасы өте жоғары деңгейде өтті. Жетекшілері: А. Жумагулова, Р. Сакенова.

Жаңа жыл мерекелерін бастауыш сыныптарда Темешбаева Рымжан, Буденова Алмаш ұйымдастырды. 5-7-сыныптар арасындағы шараны Мустакова Динара, Аманжолова Жаннұр, Оспан Айбек, Қуанышбекова Назгүл ұйымдастырды. 8-11-сыныптардың карнавал кешін Құлынбетова Гүлбану, Желібаева Назира, Құлжанбекова Аяулым жоғары деңгейде ұйымдастырды

"Мамыр - Ынтымақ айы" айлығы шеңберінде "1 мамыр - Бірлік пен Татулық мерекесі", "1 мамыр - Бірлік пен Жасампаздық мерекесі" тақырыбында диктант, эссе жазды. "Мамыр - Ынтымақ айы" айлығы шеңберінде "Таза Қазақстан" экологиялық акциясын қолдау мақсатында "Түлектердің ағаш егу" челленджі өткізілді Ұйымдастырғандар: Айман Кутжанова ,Акзер Оразбек, Клара Жантурсынова , Батима Сарсенова

"Мамыр - Ынтымақ айы" айлығы шеңберінде "Игі істер" акциясы өткізілді Ұйымдастырғандар: Айман Кутжанова , Динара Мустакова"Мамыр - Ынтымақ айы" айлығы шеңберінде "Алау" әскери-патриоттық байқауы өткізілді.Ұйымдастырғандар: Айман Кутжанова , Айдос Абикенов

"Мамыр - Ынтымақ айы" айлығы шеңберінде 5 "А" сыныбында "Есімі елге мәлім, тұлғасы тұнған тәлім - Бауыржан Момышұлы" тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Мазмұнды шараны ұйымдастырған: Индира Истигулова

12 мамыр – Аналар күні Биыл алғашқы рет кеңінен аталып жатқан Аналар күні құтты болсын! Жастар және отбасы істері комитеті «Аналар күні» (12 мамыр) мен «Халықаралық отбасы күні» (15 мамыр) мерекесіне орай мектебімізде «Менің анам», «Менің отбасым" тақырыбында эссе байқауы өткізілді.

17.05.2024 жыл. Жаңаарқа ауданы. "О.Әлібаев атындағы ЖББМ" КММ-сі. Жазғы каникул қарсаңында "Мамыр-Ынтымақ айы" айлығы аясында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі кітап құмарларды тарту мақсатында, мектеп оқушыларына "Демалыста кітап оқиық" республикалық буккроссингісі өткізілді. Буккроссингтің мақсаты: еліміз бойынша барлық мектеп оқушыларын кітап оқуға шақыру, кітап ұсынымдарымен бөлісу және жаңа әдебиеттерді ашу. «Жер елшілері» жобасы аясындаҰлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, "О.Әлібаев атындағы ЖББМ" КММ-нде 2024 жылғы “Түлектерден-табиғатқа” атты плоггинг өткізілді.

Қазақстан оқушылары арасында «Олимпиада ойындарына дейін 100 күн» акциясын іске асыру аясында «Париж 2024 жылғы Олимпиаданы қарсы алады!» олимпиадалық апталығы аясында "Менің сүйікті олимпиадалық ойыным" тақырыбында шығармалар байқауы ұйымдастырылды.

«АСЫҚ – АСЫЛ ҚАЗЫНА» челленджі ұйымдастырылды.Асық – көнеден келе жатқан ұлттық ойын. Баланың жастайынан ой-қабілетін шыңдап, дәлдікке, ептілікке, ширақтылыққа, ұстамдылыққа, алғырлыққа, сыйластыққа баулиды

Бүгін мектебімізде «Білімім – Отаныма» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілді. Бұл – 1 және 11- сынып оқушыларына арналған шара. Сынып сағаты 9.00-де Мемлекеттік Әнұранмен басталды. Одан кейін білім алушылар Оқу-ағарту министрінің жолдаған құттықтау сөзін тыңдады. Бүгінгі іс-шара ата-аналардың қатысуымен ерекше форматта өтті. Мұнда сынып жетекшілері оқушылармен және ата-аналармен бірлесіп оқу жылын қорытындылады. Тәрбие сағатында білім алушылардың білім нәтижесі, сондай-ақ білім, өнер, спорт салаларында жеткен жетістіктері айтылды. Жалпы бүгінгі және ертеңгі күн – мектеп оқушылары үшін ерекше күн. 25 мамыр күні «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Мектебім, саған мың алғыс!» мектеппен қоштасу шарасы өткізілді

Біртұтас тәрбие бағдарламасы (Ата аналарды педагогикалық қолдау)

Мақсаты:Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: ДТЖО, сынып жетекшілер

Орындау мерзімі: жыл бойы

Негіздемесі:

Әлеуметтік экономикалық жағдайлардың күрделілігіне қарамастан, отбасы балаларды әлеуметтендірудің негізгі институты болып қала береді. Ата-аналардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық шындыққа қаншалық бейімделе алатынынан және позитивті ата-ана болу құзыретін қаншалық дамыта алатынынан біздің мемлекетіміздің балалары мен жастарының толыққанды дамуы мен жалпы әл-ауқаты қамтамасыз етілетін болады.

Позитивті ата-ана мәдениетін дамыту республиканың білім беру ұйымдарының педагогтарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырылуы мүмкін. Позитивті ата-ана мәдениетінің мәні – баланың терең түсінігінде, оның қажеттіліктерін, тілектерін, белгілі бір мінез-құлықтың себептерін, жеке тұлғаның толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауда.

Позитивті ата-ана – достық қарым-қатынасқа негізделген ата-ана стилі, бала мен ересек адамның қолдауы, өзара ынтымақтастығы. Мұндай тәсілдің нәтижесі – орталықтың мақсаттары мен міндеттерінде көрініс табатын біздің қоғамның басты байлығы ретінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету.

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Бұл ретте баланың әл-ауқаты оның физикалық және психикалық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан жағдай ретінде қарастырылады.

Орталық қызметінің принциптері:

● Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;

●Үдерістің гуманистік бағыттылығы;

● Ата-аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету;

● Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану;

● Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен білікті сарапшыларды тарту.

Орталықтың қызметі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда әр отбасына өз әлеуетін ашуға көмектесу, ата-аналардың алдында тұрған мәселелерді шешуге жәрдем беру маңызды. Бұл жағдайда келесі факторларды ескеру қажет:

1. Әр отбасының мықты жақтары мен маңызды практикалық дағдылары бар.
2. Ауызбіршілігі күшті отбасы кез келген қиындыққа төзімді болады.
3. Тіпті қиын кезде де ата-аналардың көпшілігі балаларын жақсы көреді және оларға қамқорлық жасайды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылады.

Қатысушы ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін біледі, баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренеді. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынастың экологиялық таза тәсілдерін меңгереді, бір-бірін тыңдау және есту қабілетін дамытады, балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне көмектесетін шектеулерді қалай қою керектігін түсінеді, отбасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқараспен қарайды.

Орталықтың тақырыптарымен танысу бойынша болатын кездесулер және ата-аналардан алынатын сауалнама осы жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі кезеңде әр түрлі жастағы: 1–4 сынып; 5–9 сынып; 10–11 сынып оқушыларының ата-аналары үшін жүргізіледі.

Әр бағдарлама жылына сегіз сабақты қамтиды, олардың екеуі үшеуі мектептің өзіне қатысты мәселелер мен тақырыптар бойынша өткізілуі мүмкін.

Орталықтың сабақтары кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып, жеке өткізіледі.

Орталықтың қызметіне белсенді ата-аналарды, аға буын өкілдерін тарту көзделген

"Ата-аналарды педагогикалық қолдау" орталығы жұмыс жоспарына сәйкес 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін қалыптастырып, педагогпен тығыз қарым-қатынас орнатуын дамыту мақсатында педагог-зерттеуші Жұмағұлова Айткүл ата-аналармен тренинг өткізді. Бәрі де оқудың ойдағыдай болып, көп ыңғайсыздық тудырмауын қалайды. «Сен мектепте қалай оқитын боласың?» - деген сұраққа болашақ бірінші сынып оқушылары «беске оқитын боламын» - деп сенімді түрде жауап береді. Жетістік деген түсініктің өзі де салыстырмалы болғанымен, мектепте жетістікке жету, шынымен де, өте маңызды. Кейбір балалар мұндай қиыншылықтарды ешкімнің көмегінсіз оп - оңай жеңеді. Бірақ басқа да балалар бар – олар үшін мектепке, оның тәртібі мен талаптарына бейімделу оңайға соқпайды.

Қараша айында мектебімізде "Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы" жұмыс жоспарына сәйкес желілік қоғамдастық аясында "Отбасы-

тәрбие көзі" тақырыбында магниттік мектептермен семинар өтті. Ауқымды шараға ата-аналар, ұстаздар, "Манадыр" НОМ, 140 негізгі мектептерінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен сынып жетекшілері қатысты. Семинарға қатысушыларға мектеп директоры Досбол Алин, директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Алма Мамина сәттілік тілеп, ақжарма тілектерін айтты. "Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының бағдарламасы" таныстырылымын Жантұрсынова Клара, "Біртұтас тәрбие бағдарламасы"презентациясын Құтжанова Айман жан-жақты талқылап, түсіндірді. Әлеуметтік педагог Спатаева Ұлжан "Отбасы-ең негізгі құндылық" тақырыбында, педагог-психолог Истигулова Индира "Эмоцияналдық құзіреттілік және үйлесімді даму" атты тренингтер өткізді. Мустакова Динара "Зере" әжелер мектебінің мүшелерімен шеберлік сағатын өткізсе, Нуркеева Толқын "Жасөспірімнің желідегі әрекеті", Нұржанбаев Жансерік "Көркем мінез-баға жетпес байлық" тақырыбында пікірлесу алаңын ұйымдастырды. Утибаева Бағлан "Отбасы-бақыт бесігі' атты тренинг, Аликаримов Сержан "Жақсыдан қашпа, жаманға баспа" тақырыбында қауіпсіздік сабағын өткізді. Абишева Дана, Аманжолова Жаннұр, Қуанышбекова Назгүл көрме ұйымдастырса, Жарылғапова Гүлшат пенСмагулова Көгершін кофе-брейк жасап, қонақтардың көңілін көтерді.

"Баланың бас ұстазы- ата-ана" тақырыбымен 8-сыныпта сынып ата-аналары Кулова С., Қоңырова бірлесе отырып тәрбие сағатын өткізді.Сынып жетекшісі Клара Жантурсынова өз кезегінде ата-аналарға әдістемелік қолдау көрсетті. Ата-ана сағаты барысында оқушылармен адамгершілік-рухани құндылықтар аясында жағымды пікір алмасу жүзеге асты.

Оқу жылы барысында 4 тоқсанда төрт рет ата-ана мен мектептің тиімді серіктестігін дамыту мақсатында педагогикалық шеберхана ұйымдастырылды, SUPPORT сағаттары өткізіліп, ашық есік күндері өтті.

2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде Даналық мектебі клубының жұмысы бойынша біршама жұмыстар жүргізілді Тақырыбы: «Даналық мектебі», «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер»

Мақсаты:Шежірені, әулет тарихын білудің, оны ұрпаққа мирас етудің мәнін талқылау.

Міндеттері: 1) Шежіренің сырын, мағынасын ашу

2) Қан тазалығы ұлт болашағы екеніне назар аудару

3) Әулет тарихын білудің мәнін түсіндіру

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: сынып жетекшілер

Орындау мерзімі: жыл бойы

Негіздемесі:

2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру" негізінде Даналық мектебі бойынша іс шаралар жоспары негізге алынды.

*«Ұлағат» әкелер клубы*



*«Зере» әжелер клубы*

*«Айбын» ағалар клубы*





*«Инабат» жеңгелер клубы*

Бүгінгі таңда ата мен немере арасында позитивті қарым-қатынас орнату өзекті мәселенің бірі болып отыр. Аталардың біразы жас, біразы жасамыс. Аталарымыздың бағзы заманнан жолы үзілмей келе жатқан өз міндеттері бар. Сол міндеттеріміздің үдесінен шыға алып жүрміз бе?

Мектебімізде ұйымдастырылған дөңгелек үстелде соның бірі «Шежіре» мәселесіне тоқталды. Өсіп келе жатқан балаға шежіре, әулеттің тарихы туралы кім айтады? Ағайын-туыс арасындағы қарым-қатынасты кім реттейді? Жеті атаны кім үйретеді? Осы сұрақтарды талқылайтын боламыз. Олай болса, алғашқы сөзді осы мектептің 9-сынып оқушысы Оразбек Санжар, атасы Кемелов Оразбекке сөз берілді. Жеті атаға дейін қыз алыспайтын қазақ қан тазалығына ерекше мән берген. Мұны үлкен мақтанышпен айтуымыз керек. Себебі бұл бізден басқа бір де бір халықта болмағанын бүгінгі таңда өркениетті елдердің бәрі мойындайды. Данышпан бабаларымыз құда түсу арқылы осы мәселенің қыр-сырын ашып, бүкіл тетігін жасап кеткен.

Енді, соны қалпына келтіретін заң қабылданса, керемет болар еді. Бірін бірі ұнатқан жастардың бір-біріне туыстығы бар-жоғын ата-анадан артық ешкім білмейді. Қазақ неге жеті атаға дейін қыз алыспаған? Оқушыларға түсінік жұмыстары жүргізілді. «Атадан бата алмай, үй болмас, Ордадан үлгі алмай, би болмас», «Аталы сөз — баталы сөз», «Тегін білген текті адам», «Жеті атасын білген ер, жеті елдің қамын жер». «Атаға қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер», «Ана тәрбиесі қызға үлгі, әке тәрбиесі ұлға үлгі» деген сөздерді ата-балаларымыз бекер айтпаған болар. Осы сөздердің тәрбиелік мәні өте зор.

«Мына бала жақсы екен кімнің баласы, тегі жақсы ау деймін бала негізінде тегіне тартады» деп жатады үлкен қариялар. Немерелеріміз жайлы осындай жақсы сөз естігіміз келсе, олар да кейін балаларына, немерелеріне өнегелі сөз айтсын десек, оны осы бастан қолға алуымыз керек. Жоғарыда үш спикер жеті ата мәселесінде, шежіре, қан тазалығы, әулет тарихы туралы біраз дүние айтып өтті. Енді осы жайындағы ойларымызды ортаға салып, пікір алмасты. Ниет білдіргендер өз ойларымен бөлісті.

Мектебімізде "Біртұтас тәрбие" бағдарламасының "Даналық мектебі" жобасы аясында "Көктем гүлі" тақырыбында қыз балалар арасында сайыс өтті. Байқау нәтижесінде:

"Бұрымды қыз" - Егеубай Кәусар;

"Үкілі қыз"  - Кентай Гүлбахар;

"Биші  қыз" -  Ғабдолла Зере;

"Парасатты қыз" - Ғалым Балауса;

"Өнерлі қыз" - Елемес Наз;

"Көрермен көзайымы" -  Бейсенбай Медина;

"Көрікті қыз" - Ахмет Зейнеп;

"Шуақты қыз" - Есжан Кәусар;

"Білімді қыз" - Ғалым Раяна;

"Инабатты қыз" номинацияларымен  Оразбай Кәусар марапатталды.

Ұйымдастырған: бастауыш сыныптар бірлестігі жетекшісі Дана Абишева

О.Әлібаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде Кабдиева Самал, Спатаева Ұлжан апайлардың ұйымдастыруымен  "Наурыз көже - naty" шарасы өткізілді.

"Бұрымды қыз " челленджі. Қыздар ұйымы. Жетекші Назира Желібаева

«Даналық мектебі» жобасы аясында "Балауса" қыздар ұйымының ұйымдастыруымен  "Көктем аруы-2024" байқауы өткізілді. Ақылы көркіне сай ару қыздарымыз өнерден де, білімнен де, қолөнер шеберлігінен де бір-бірінен асып түсті. Байқау нәтижесінде "Көктем аруы -2024" жүлдесіне Ділдаш Зере ие болды.

"Көрермен көзайымы" номинациясы - Нағашыбек Арина;

"Көрікті ару" номинациясы-Қосар Махаббат;

"Тапқыр ару" номинациясы - Есенгелді  Гүлімай;

"Өнерлі ару" номинациясы - Жомартқызы Назерке;

"Білімді ару" номинациясы- Смағұл Нұрлы;

"Парасатты ару"номинациясымен - Кұнашықова Айсезім марапатталды.

Ұйымдастырған - "Балауса" қыздар ұйымының жетекшісі: Желібаева Н.Б

«Даналық мектебі» жобасы аясында "Инабат" жеңгелер клубының ұйымдастыруымен  "Сырлы жеңге, сұлу қыз" байқауы өткізілді.

Байқау нәтижесінде:

"Парасатты жеңге" жүлдесі - Салтанат Қасымкеліні, "Инабатты қыз" -Уәли Гүлшарипа;

"Дарынды жеңге" жүлдесімен- Айнұр Нұртазакеліні, "Өнерлі қыз"- Нұртазина Аяжан;

"Өнерлі келін" жүлдесімен Ақерке Амангелдікеліні, "Білімді қыз"- Амангелді Назым марапатталды.

Байқаудың әділқазылар алқасына ардагер ұстаз, Ералиев ауылы "Аналар" кеңесінің төрайымы Әлібаева Мәрия апай төрағалық жасап, жас келіндерге ғибратты әңгімелерін айтып, батасын берді.

Ұйымдастырған: "Инабат" жеңгелер клубының жетекшісі: Желібаева Н.Б

"Қазақстан халқына" қоғамдық қоры (бұдан әрі-қор) ел президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев қолдаған Наурыз мейрамын тойлаудың жаңартылған тұжырымдамасын іске асыру мақсатында мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесе отырып, іс-шараларды ұйымдастыруда. Атап айтқанда, ауыл мектептерінде оқитын 20000 оқушылардың жазғы демалысына жолдама берді, сол жолдаманың 4-уі "О.Әлібаев атындағы ЖББМ" КММ-сі оқушыларына табыс етілді. Жолдаманы Ералиев ауылдық әкімдігінің бас маманы Смагулова Гүлбагидат Абдикаримовна мектеп директоры Алин Досбол Ғалымұлына табыс етті.

"Наурызнаманың" бекітілген "Қайырымдылық күні" аясында өткен шарада

"Мектепке жол" акциясына ұдайы ат салысқан ұстаздарымыз Буденова Гүлнар, Қаратаев Ғарифолла, Серікова Назгүл, Тиес Айгүл мектеп әкімшілігі атынан "Алғыс хатпен" марапатталды.

Наурызнаманың төртінші күні – Шаңырақ күні. Осы күні отбасылық құндылықтарымызды дәріптеуге арналған 1 "Ә'- сынып ата-аналарымен ұйымдастырылған "Наурыз құтты болсын" тақырыбындағы іс-шара мазмұнды өтті. Өткізген - Айткул Жумагулова

Наурызнаманың жетінші күні 20 наурыз – Ұлттық спорт күні, Наурызнаманың тоғызыншы күні 22 наурыз – Жыл басы.Ұлыс оң болсын!





Мерекелі, берекелі жыл болғай Наурызнаманың оныншы күні 23 наурыз – Тазару күні. Бұл күн азаматтарға қоршаған ортаны қорғау туралы түсінікті кең таратып, қоғамда экологиялық мәдениетті дамытуға мүмкіндік береді. Наурыз мерекесі ертеден табиғат тазалығын сақтауды үндейді. Мерекенің мәні – қыстан көктемге көшу, табиғаттың жаңа өмір бастауы осының нышаны




Наурызнаманың үшінші күні – "Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр" күніне орай "Даналық мектебі" жобасы аясында "Атбегілік - қазақтың қасиетті

өнері " тақырыбында ауылымыздағы атбегілікпен айналысатын ағалармен кездесу өткізілді.

Ұйымдастырған "Ұлағат" әкелер клубының жетекшісі - Құтжанов Ислам, "Айбын" ағалар клубының жетекшісі Абикенов Айдос.




«Даналық мектебі» жобасы аясында "Айбын" ағалар клубының ұйымдастыруымен "Менің Бақытым - менің Қазақстаным!"тақырыбында ауған - тәжік шекарасында әскери қызмет атқарған жауынгерлер Ақылбек Сүйіндіков, Аян Мұздыбаев, Нұркен Ибраев ағалармен сыр-сұқбат өткізілді. Ер балалардың бейбіт күннің батырлары айтқан әңгімеге қызыққаны соншалық-сұрақтар легі толастамады.Шараны ұйымдастырған: "Айбын" ағалар клубының жетекшісі:А. Абикенов





Мектебіміздегі "Жеті жарғы" дебат клубының жетекшісі Оспан Айбек Балапанұлы үйірмеге арналған кабинет ашып, оқушыларды қуанышқа бөледі . Іс-шараға Жаңаарқа ауданы Оқушылар үйінің директоры Тайкенов Дархан Есенбайұлы бастаған ұжымның қызметкерлері де қатысты.

«О.Әлібаев атындағы ЖББМ» КММ-сінде Кәмелетке толмағандардың қақауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша атқарылған іс-шаралар туралы ақпарат

Ұрпақ тәрбиесіндегі басты мақсат – жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Құқықтық тәрбие беру баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады. Заңдарға терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау – ұзақ уақыт тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі.

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Еңбегі адал жас өрен», «Өзіңе және өзгеге қол ұшын соз» жобалары бойынша ұлттық мүдде, ар-ұят, талап бағытының жұмыстары жүргізілді. «Даналық мектебі» жобасы аясында ата,әже, әке, ана, аға, жеңге клубтарының жыл бойы атқарған шаралары оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалануына зор ықпал етті

27.09.23 күні «Кәмелет жасына толмағандарға қатысты, соның ішінде жыныстық тиіспеушілігіне қарсы және олармен жасалған қылмыстардың профилактикасы» тақырыбында ДТІЖО А. Кутжанова дәріс өткізді.

Әлеуметтік қауіпті құбылыс және қоғамға қарсы мінез-құлықтың ең қауіпті түрлерінің бірі кәмелетке толмағандардың өміріне, денсаулығына, жыныстық тиіспеушілігіне және жыныстық бостандығына қарсы қылмыс жасау болып табылады. Зорлық-зомбылық қылмыстары зиян келтіріп, кәмелетке толмағандардың моральдық және психофизикалық дамуындағы ауытқуларға әкеледі.

12.10.23 күні мектеп психологы И. Истигулова жыныстық зорлық-зомбылық, жыныстық қанау сияқты ұғымдарға тоқталып, жәбірленушіден өтініштің болуына қарамастан істер қозғалатындығына және тараптар татуласқан жағдайда тоқтатылуға жатпайтындығына назар аударды, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың салдарын айтты. Сонымен қатар, психологтың пікірінше, жыныстық тиіспеушіліктің бұзылуы ерте жыныстық өмірді бастау болып табылады. Бұл олардың болашақ тағдырына психологиялық әсер етеді. Сөз сөйлеу соңында оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге осы құбылыстар мен фактілердің алдын алу бойынша ұсыныстар берілді

«Жас жеткіншектер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу , ерте жүктіліктен қалай сақтануға болады? Ерте жүктілік немен қауіпті?» тақырыбында ауыл амбулаториясының акушері Маханбетова Аманкүл дәріс оқыды

Буллингтің алдын алу мақсатында барлық сыныптарда « Стоп,буллинг» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын психолог И. Истигулова жүргізді

21 қараша мен 28 қараша аралығында «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні:балаларға арналған өмір» тақырыбындағы онкүндік өткізілді «Балалық шақты бірге қорғайық» тақырыбында Жаңаарқа ауданы ПБ ЖПКБ УПИ көмекшісі, полиция лейтенанты Қойшыбаев Жангелді Талғатұлы әңгіме сағатын өткізді

**https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02GCb5M1aN6aFmF3NAJognNRuoBwm2sLRbfYC3JdQ2bcSMpnPcWLUpcUL1NNRvoMeWl&id=100041104571813&mibextid=Nif5oz**




**«Бақытты бала –бейбіт елдің тірегі»**

**https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0JvqNVu5xjX8zqnEYyx7AVCrRcuy94DCJPaa4oGbek9JBGKKsK2tRX6h5hgCM4LFql&id=100041104571813&mibextid=Nif5oz**

«Күндей күлген анамның, баласы болып қаламын!» атты сурет байқауы 1-4-сынып оқушылары арасында өткізіліп, Алтынбек Мұрагер 1-орын, Амангелді Ерәлі 2-орын, Егеубай Кәусар 3-орынмен марапатталды

**https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0AiEywTRVL5v2A56a9dxx84XPWr3D9KbntCzRDutkU4rm2ajh8MoxyToViwWhiYgVl&id=100041104571813&mibextid=Nif5oz**

«Бала құқығы-асыл қазына» тақырыбында 5-8- сыныптар арасында эссе байқауы өткізіліп, Ғабдолла Ақжарқын 1-орын, Нұртаза Дәулет 2-орын, Мыңжан Аружан 3-орын иеленді

**https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid028q2jfZnhXZxtpyfrkoifs5dfjVLAuKjjeU2wGra3JpfoQ1Q4RA7PnUREjzTkp8DBl&id=100041104571813&mibextid=Nif5oz**





«Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» атты онкүндік аясында «Мен бақытты баламын» атты отбасылық спорт сайысы Ж. Нығызбаев Е. Абеуовтың ұйымдастыруымен өткізілді

**https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02ah2ovSiJXVPxuaKET**

wsjsdPsDgSxECnu5bCnSoSUVcNNhxxEQXxpbtZ4fGqufxfPl&id=100041104571813&mibextid=Nif5oz

«Заң және мен» тақырыбында көрме жасалып,оқушыларға өз құқықтары жайлы мағлұмат берілді . Ұйымдастырған: кітапханашы Қуанышбекова Қ

**https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0j2qHnFSxo1HJNZmH27NjvvzRfwTouAcZZrhMdj8kxoScUaQCmQGXLGz6JNkTG1BQl&id=100041104571813&mibextid=Nif5oz**

«Жақсыдан қашпа, жаманға баспа» оқушылардың интернет желісіндегі қауіпсіздігі туралы С.Аликаримов ата-аналармен жұмыс жүргізді.

**https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02L66schRm71HJ3VyZN4obTTg3mEsw4ztDRDNYXnUHy2cmYYnhcmVkoPox1wadxHAgl&id=100041104571813&mibextid=Nif5oz**




«Ертежүктіліктің алдын алу» тақырыбында 8-11-сынып қыздарына қыздар жиналысы өтті.

**https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02TK99SLM1Fpy3fmnpVwVzLEE9R9EDk5DASFVrNiGG8B1y6kYGTE9hVZYgpg3kDViWl&id=100041104571813&mibextid=Nif5oz**




«Стоп, буллинг!» тақырыбында педагог-психолог И. Истигулова түсіндіру жұмыстарын жүргізді өткізілді.

**https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0Yc2Gb43sQkVcGQHowQKkcceLyEe6yijhbhAxHukYqtpah8yRMKL6K7C4fcCxVwRYl&id=100041104571813&mibextid=Nif5oz**



«Балаларға қатысты зорлық-зомбылық әрекеттерінің профилактикасы» тақырыбында әлеуметтік педагог Ұ.Спатаева оқушыларға кеңес өткізді

**https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02dqJFAe3r4V8PVUhN1KpW7Dd18PsvSJjwrtsbvZgKovqwA3GPs9xBw7UHvRC5qtyEl&id=100041104571813&mibextid=Nif5oz**




«Кибербуллинг: балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз?» тақырыбында  А.Оспан  дебат өткізді

**https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0MnB4H9ie3xQfwGBf1AfqKG7Lsv6WcnUwhAqasuqX1PBgfcz4NZpZR67vaBULMVbrl&id=100041104571813&mibextid=Nif5oz**



Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғаудың, суицидтің алдын алудың және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іскеру шеңберінде «ДосболLIKE» жобасының 17 қаңтар мен 17 ақпан аралығында өткен республикалық акциясы аясында мектебімізде біршама іс-шаралар жоспарға сай жүзеге асырылды, 302

білімалушының барлығы акцияға белсенді қатысып, мектеп мұғалімдері, штаттық қызметкерлер, кіші қызметкерлер, ата-аналар да тысқары қалмады.

Алғашқы күннен бастап оқушылар мен ұстаздарға көтеріңкі көңіл-күй, жағымды атмосфера орнату мақсатында көңілді үзілістер ұйымдастырылды.

1-сынып оқушылары ата-аналарымен бірге "Отбасым- бақыт мекені" тақырыбындағы шығармашылық сағатын өткізді Сынып жетекшілері: Айткул Жумагулова , Роза Сакенова**https://www.facebook.com/share/p/zZrRmjQnJnEskmiJ/?mibextid=oFDknk**

2-сынып оқушыларының "Бармағынан бал тамған шебер болғым келеді" тақырыбындағы шеберлік сағаттары Утибаева Бағлан, Абишева Дана мұғалімдердің ұйымдастыруымен өте қызықты өтті
**https://www.facebook.com/share/v/uxve3zGQ8ey24XBv/?mibextid=oFDknk**

**https://www.facebook.com/share/v/wQTvVk1nhvNB9dn3/?mibextid=oFDknk**

Мектебіміздің аға тәлімгері К. Смагулованың бастамасымен "Адал ұрпақ" клубы мүшелерінің "Менің таза сыныбым" игі шарасы жасалды

**https://www.facebook.com/share/v/FvP3mc2Z4Yti9g8f/?mibextid=oFD**

4-сынып оқушыларының "Достық көпірі" атты ұлттық ойындар жарысы тартысты өтті. Жас жеткіншектердің ұлттық ойындарға деген қызығушылығы өте жоғары болды. «Арқан тартыс» ойынынан 4»А» сыныбы басымдық көрсетсе, « Асық ату» сайысынан 4 «Ә» сыныбы басым түсті.Жетекшілері: Рымжан Темешбаева , Буденова Гүлнар**https://www.facebook.com/share/v/1mannjquLWui3dDq/?mibextid=oFDknk**

«ДосболLIKE» республикалық акциясы аясында өткізілген көңілді үзілістер де «Мектеп парламенті» мүшелерінің ұйымдастыруымен қызыққа толы болды

**https://www.facebook.com/share/p/yvaMzpNx9Pkss5wM/?mibextid=oFDknk**

3-сынып оқушыларымен "Дос болайық бәріміз" тақырыбында Серікова Назгүл мұғалімнің тартымды тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатына сынып оқушылары бір кісідей қатысты, қалыс қалған оқушы болған жоқ.**https://www.facebook.com/share/p/8RsZ8eAsoVCdqL8b/?mibextid=oFDknk**

«ДосболLIKE» республикалық акциясы аясында 7-сынып оқушыларымен "Гүл өсіре аламын" тақырыбында қысқы бақтағы еңбек сағаты көңілді өтті. Жетекшілері: Бейсенкул Кожабаева , Назгуль Қуанышбекова

**https://www.facebook.com/share/p/kDz35NPyZAtWqQDN/?mibextid=oFDknk**

Жоспарға сай өткізілген барлық шаралар әлеуметтік желілерге #dosbollike хэштегімен жарияланып отырды.

Мектебімізде ешқандай келеңсіздік орын алған жоқ, әрекет «те болған жоқ. Оқушыларға психологиялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілуде, қолдау көрсетілуде.

Келеңсіз жағдайға тап болған, себепсіз сабақтан қалған оқушылар болған жоқ.

Мамыр - Ынтымақ айы" айлығы шеңберінде оқушыларды елжандылыққа тәрбиелеу мақсатында"Алау" әскери-патриоттық байқауы өткізілді. "Игі істер" акциясы өткізілді

"Даналық мектебі" жобасы аясында "Айбын" ағалар клубының ұйымдастыруымен "Менің Бақытым - менің Қазақстаным!"тақырыбында ауған - тәжік шекарасында әскери қызмет атқарған жауынгерлер Ақылбек Сүйіндіков, Аян Мұздыбаев, Нұркен Ибраев ағалармен сыр-сұқбат өткізілді. Ер балалардың бейбіт күннің батырлары айтқан әңгімеге қызыққаны соншалық-сұрақтар легі толастамады.

Шараны ұйымдастырған: "Айбын" ағалар клубының жетекшісі: Айдос Абикенов










«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмыс жоспарына сай «Отбасы- тәрбие көзі» тақырыбында магниттік мектептер арасында семинар өткізілді

«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың міндеті мен бала құқығы» тақырыбында педагог-психолог баяндама жасады Бала – біздің болашағымыз, балаға жақсы тәрбие беру, дамуына мүмкіндік беру, оларға қуаныш сыйлау және толық құқылы еркін тұлға етіп жетілдіру – біздің міндетіміз.Құқықтық тәрбие негізі отбасынан басталады. Балалардың тәртіп бұзуының бір жағы отбасында жатыр. Адамның құқықтық мәдениеті күрделі.

Құқықтық тәрбие – тура жолмен жүруге үйрететін әдептілік әдістеріне сүйенеді. Адам мұндай жағдайда өзінің ар-ұятына жүгінеді. Бала өзінің айналасындағы адамдарды, әлеуметтік игіліктерді қате бағалауы мүмкін. Мұның өзі оның көбінесе құқықтық тәрбиенің бұзылуына әкеп соғады.




XXI ғасырдың лайықты азаматы етіп қалыптастыру педагогтар мен ата – аналардан сындарлы жауапкершілікті талап етеді. Еліміздің өркендеуіне сай, заман талабына жауап беретін рухани адамгершілік қасиеттері қалыптасқан, қоғамдық өмірге икемделген, біліммен өмір заңдылықтарын түсінген, қоғам мен мемлекет және отбасы алдындағы жауапкершілігін сезінетін, салауатты өмір салтын саналы түрде таңдаған өркениетті елдің азаматын тәрбиелеу. Құқық қорғау қызметкерлері ата-аналармен ұдайы кездесулер өткізіп тұрды






“О.Әлібаев атындағы ЖББМ”КММ «Жас ұлан»
балалар ұйымының атқарған жұмыстары

«Жас Ұлан» ұйымының мақсаты: Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық,беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

«Жас Ұлан» ұйымының міндеттері: Қазақстан халқының тілін, мәдениетін,тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру. Балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау. Жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

2023 жылы қараша айының 16-сы күні мектеп «Мектеп президентінің» сайлауы өтті. Сайлауға мектептің 1-11 сынып оқушылары және мұғалімдер белсене қатысты. Сайлауда 102 дауыс жинап 10 сынып оқушысы Қуандық Әділ мектеп президенті атанып және бағыт жетекшілігіне 8,9,10 сыныптардан 16 оқушысы қабылданды.

Желтоқсан айынын 14 күні Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында 2,5-сыныптарының үздіктері мен екпінділері Жас ұлан ұйымының кіші буыны Жас қырандар қатарына 28 оқушы өтті. Оқушыларға ұйымның мақсаты мен міндеттері таныстырылды. ҚРән ұраны және паттриоттық әндер шырқалды. Мектебімізде дублер күні өтті. Осы күні 10-11сынып оқушылары барлық сабақтарда мұғалімдерді алмастырды. Осы жауапты іс-шараға балалар көп дайындалды:олар мұғалімдердің басшылығымен сабақ кестесін құрып,әр сабақтың жоспарын жазды. Таңертеңнен бастап мектепте ерекше атмосфера орнады,қыздар сәнді киініп,ұлдар костюмде галустк тағып осы күнді қызықтыда, мазмұнды жетіп көрсетуге тырысты. Осы күні мектептегі тәртіп биік деңгейде болды. Дублер күні-бұл оқушылар нағыз мұғалімдер бола алатын күн, сабақтарды жүргізудің маңызды екендігін сезіне алады. Осы күні мектеп

директоры: Әбдікәрім Жансерік (11-сынып) және директорлардың орынбасарлары-Аман Мұқағали (11-сынып), Нағашыбек Арина (10 “ә”сынып) болды.

Күн қорытындысы бойынша дублер болған оқушылар жиналыс өткізіп, әрқайсысы өз пікірлерімен бөлісті және мұғалім болу тек қана қиын емес, қызықты екен деген ортақ ойға келді.

Мектеп жас мамандары-Аманжолова Жаннұр,Раманзанқызы Аңсаған, Әубәкірова Айдана-ұстаздарды төл мерекесімен құттықтады. “Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасы аясында О.Әлібаев атындағы ЖББМ” КММ-де 04-09.10.2023ж күні оқушыларға терроризм актісінің қауіпі туындаған немесе терроризм актісі жасалған жағдайдағы әрекеттер туралы жадынама таратылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.Түсіндіру жұмысын жүргізген АӘТД пән мұғалімі Айдос Абикенов, сондай-ақ шараға әлеуметтік педагог Ұ.Спатаева,аға тәлімгер К.Смагулова, пән мұғалімдері И.Құтжанов,С.Аликаримов,ДТІЖО Айман Құтжанова қатысты. 21қазан күні өткізілген “Мектеп Президентін” сайлау нәтижесінде 10-сынып оқушысы:Қуандық Әділ Әбдіғалиұлы жеңіске жетіп,мектеп президенті атанды. 27.10.2023ж күні “Мектеп Президентін ұлықтау” рәсімі өткізілді.

“О.Әлібаев атындағы ЖББМ”КММ 20қараша 11:00де “Еркін тыныс ал!”тақырыбында жалпы республикалық флешмоб өткізіліп “Спорт” әнінің әуеніне оқушылар спорттық іс-қимылдар жасады. Іс-шара мақсаты: балалардың салауатты өмір салтына деген ұмтылысын қолдау, вейпингтің зияны, оның ағзаға тигізетін кері әсері,адамның жалпы хал-жайына,көңіл-күйіне және өмірлік белсенділігіне теріс әсер ету туралы хабардарлық деңгейін арттыру.

“Асық ату”челенджі.Білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін,эстетикалық,патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау,ұлттық ойындарды насихаттау мақсатындағы “Асық ату”челенджінің “Бес табан”, “Бес асық” ойындары 2-4 сыныптар, 5-8сыныптар арасында өткізілді.

“Біртұтас тәрбие”бағдарламасының “Еңбегі адал жас өрен” жобасы аясында 5-желтоқсан халықаралық “Еріктілер күніне” орай мектебіміздің “Адал ұрпақ” еріктілер клубының мүшелері ауыл мешітіне тазалық жұмыстарын жүргізілді.

Ұйымының мәдениет фаркциясы Ілияс Нұрдәулет «Жаңа жыл» мерекесіне арналған карнавал өткізіп, ұйым мүшелерімен «КВН» қойылымын көрсетіп белсенділік танытты.

Алда Жас ұлан ұйымы әр түрлі іс-шаралар өткізіп, оқушыларды мектептің өміріне белсене атсалысуға ықпал ету жоспарлауда.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының ұйымдастыру жоспарының есебі

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу,

сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.

Осындай міндеттерді негізге ала отырып,"О.Әлібаев атындағы ЖББМ"КММ акт залында «Адал ұрпақ - болашақ негізі» атты тақырыбында жиын өтті. Мектеп ұжымы мен 5-11 сынып оқушыларының қатысуымен өткен жиын мектепте аса өнегелі, жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты немесе патриотты қалыптастыру үшін жағдайлар жасау, заң аясында түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатын көздеді. Жиын барысында ел тарихына шолу жасалып, мемлекеттік қызмет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимылдар жайында бейнеролик көрсетілді. Мектеп директоры: Алин Досбол сөз сөйлеп, жиынның маңыздылығына тоқталды.

Еліміздің алдынғы дамыған елдер қатарына енуіне, мемлекетімізді өркендетуде болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие бере отыра, оқушылардың биік жетістерге жететіндеріне сенім білдірді.

Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы 8- сынып оқушылары арасынан 10 оқушыдан тұратын «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылды.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жетекшісі:Смагулова К.К оқушыларды отансүйгіштікке, азаматтылыққа, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметті, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу мақсатында клуб мүшелерінің ұйытқы болуымен «Парасатты азамат» бұрышы жасалып, онда құнды ақпараттар жинақталды. Оқушылардың назарына адал еңбек ету керектігі, еңбек түбі-береке екені айтылып өтті. «Жемқорлық дегеніміз не?», «Жемқорлықтың қалай алдын алуға болады» сынды тақырыптарда әңгіме қозғады. Әр оқушы өз ойларын еркін жеткізіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендерін білдірді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарына сәйкес қыркүйек айының 9-ы жұлдызында «Жемқорлыққа жол жоқ!» атты тақырыпта ата-аналар жиналысы өтілді. Жиналысқа 5-11 сыныптан 30 ата-ана қатысты. Жиналыс барысында құқықтық тәрбиелеуде және құқық бұзушылықтарға, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін қалыптастыруда отбасының рөлі көрсетілді.

Ата-аналарға балаларда құқықты, заңдарды, құқылық тәртіпті құрметтеуге тәрбиелеу бойынша жадынамалар таратылды.

«Бүгінгі оқушы ертеңгі еліміздің, жарқын болашағымыздың айқын бейнесі»-деп ата-аналар комитетінің төрайымы: Утебаева Гүлнұр атап өтті. Аталмыш тақырып бойынша Г. Қоңырова және А. Бердешова бейнефильмдер мен «Жемқорлық дегеніміз не?», «Жемқорлықтың қалай алдын алуға болады» тақырыптарында ақпараттар беріп, «Адал Ұрпақ» топ жетекшісі: Смагулова К

баяндамаларды оқыды. Ата-аналар бір ауыздан жемқорлыққа қарсы екендерін білдіріп, өз балаларын адал етіп, өз елін, жерін сүйетін патриот болуларына тәрбиелейтіндіктері туралы айтты. Жиналыстың қорытындысы бойынша мектеп директоры: Алин Досбол сөз сөйлеп, жиынның маңыздылығына тоқталды. Еліміздің алдынғы дамыған елдер қатарына енуіне, мемлекетімізді өркендетуде болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие бере отыра, оқушылардың биік жетістіктерге жететіндеріне сенім білдірді.

Мектеп оқушыларының арасында «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында сурет көрмесі өтілді. Көрменің мақсаты оқушыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеудің негізгі міндеті – құқықтық сананы қалыптастыру болды. Көрмеге 5-8 сынып оқушыларының суреттері қойылды. Жеңімпаздар мектепшілік лездемеде мақтау қағазымен марапатталды.

Оқушылардың қосымша білім беру ұйымдарына қамтылуы

| № | Оқуш саны 23-2024ж | Жаңаар аудандық сымша ім беру ымына тысатын ушы саны | Қаза а рес кциясы | «Ерк -ай» би ірмесін | Басқ а ірмеле | Сапалық йыз |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 305 | 90 | 42 | 45 | 100 | 84% |

Қосымша білім берудің бағыты

Біздің мектепте қосымша білім беру жүйесі бірінші сынып оқушысынан бастап жоғары сынып оқушыларына дейін әртүрлі жас топтарына қатысуға мүмкіндік береді. Барлық секциялардың жұмысы балалардың шығармашылық, танымдық, физикалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, еңбекқорлықтың, коммуникабельділіктің қызығушылығымен дамуын қамтамасыз етеді, салауатты өмір салтын жүргізуге ықпал етеді.

**Үйірме жұмыстарының жүргізілуі:**

| Үйірме атауы | Қамтылған оқушы аны | Жетекшісі |
|---|---|---|
| «Драма» | 18 | Нұржанбаев Ж |
| «Дебат» | 30 | Оспан А |
| «Хореография» | 30 | Көпбосынова А |
| Шахмат | 16 | Жуанышбаев Е |
| Тоғызқұмалақ | 15 | Аманжолова Ж |
| Green World | 30 | Кульжанбекова А |
| | 30 | Аликаримов С |

**2023-2024 оқу жылындағы жетістіктер:**

Академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған "STEAM ҮЗДІГІ" 2-аудандық байқауында "Үздік қолөнер" номинациясы бойынша 7-сынып оқушысы Ысқақ Аруай бас жүлде, "Үздік мобилограф " номинациясы бойынша 6-сынып оқушысы Ыбрақым Балғын 3-орын иеленді.

Жетекшілері: Кулжанбекова Аяулым, Оспан Айбек

“Мұрагер-2024” ІІ облыстық шығармашылық байқауының аудандық кезеңінде "Тик-ток” жанры бойынша Аруай Ысқақ пен Хами Бірғаным 2-орын иеленді.

“Мұрагер “ облыстық шығармашылық байқауынан «Аспапта ойнау»

номинациясы бойынша аудандық кезеңнен Жақсылық Бүркіт 3-орын, «Театр» жанры бойынша 3-орын, «Сәндік-қолданбалы өнер» жанры бойынша 3-орын

, “Мұрагер “ облыстық шығармашылық байқауынан Вокал «Соло»

номинациясы бойынша аудандық кезеңнен Тоғаев Тәттімбет 2- орын иеленді.

Ұлытау облысы тоғызқұмалақтан әйелдер арасындағы чемпионаттан мектебіміздің жас маманы Аманжолова Жаннұр 1,2,3-орындарды иеленді

«Менің Отаным-Қазақстан» атты туристік экспедициялық жастардың республикалық слетінің аудандық кезеңінде «Туристік әндер» байқауында Рахымбек Нұрдана 2-орын ;

«Алтын қазына көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығы көрме байқауының аудандық кезеңінде ағаштан, саздан, темірден мүсіндер жасау бойынша

Сақабай Ақмәди 2-орын;

Еділов Нұрәділ 2-орын;

Ысқақ Аруай 2-орын;

Мұхамеджан Айдын 1-орын;

Айтбекұлы Мейрамбек 1-орын;

«Алтын қазына көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығы көрме байқауының аудандық кезеңінде майлы бояу суреттер байқауында

Сембай Аружан 2-орын;

Елемес Шырын 2-орын.

8-11-сынып оқушылар арасында өткізілген «Ілияс оқулары» республикалық байқауының аудандық кезеңінде «Заманның заңғар тұлғасы» буктрейлер номинациясы бойынша Игенбай Толғанай 2-орын;

«Жаз,жаз қалам жорғалап»-жас ақындар номинациясы бойынша Олжабай Ақпейіл 2-орын

«Таланттарды іздейміз» аудандық байқауында

«Жеке би» номинациясы бойынша Мыңжан Сәнім 1-орын;

«Эстрадалық вокаль» жанры бойынша Байдулла Саян 1-орын;

«Аспапта ойнау» жанры бойынша Нұртаза Аяжан 2-орын

«Мұқағали оқулары» байқауының аудандық кезеңінен Ділдаш Зере 2-орын;

Армрестлингтен жас жеткіншектер, жасөспірімдер және жастар арасында өткен Ұлытау облысы чемпионатында 65 кг салмақ дәрежесінде

Бектұрсын Бектияр 1-орын;

75 кг салмақ дәрежесінде Ғалымжан Аңсар 1-орын;

75 кг салмақ дәрежесінде Әлдешов Ерасыл 2-орын;

75 кг салмақ дәрежесінде Рахымбек Нұрдана 3-орын;

«Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасы бойынша «Өнерлі өрге жүзер» атты музыкалық конкурсының аудандық кезеңінде

«Эстрадалық вокал» жанры бойынша Рахымбек Нұрдана 1-орын;

«Аспапта ойнау» жанры бойынша Жақсылық Мұхаммедәли 2-орын;

«Аспапта ойнау» жанры бойынша Жақсылық Бүркіт 2-орын

«Аспапта ойнау» жанры бойынша Есенгелді Дидар 3-орын

«Ақберен» республикалық өнер байқауының аудандық кезеңінде «Шешендік, білгірлік» сайысы номинациясы бойынша Кентай Ардана2-орын;

Республикалық балалар оқулары байқауының аудандық кезеңінде Мұстафина Айғаным 2-орын;

Тоғызқұмалақтан 2015 жтжәне одан төмен жастағы жасөспірімдер арасында өткен Ұлытау облысының жекелей чемпионатында блиц түрінен Аманжол Әлнұр 3-орын;

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша білімділігімен, дарындылығымен ерекшеленіп, мектептің қоғамдық өміріне белсене қатысқаны үшін Сақабаева Айару Мадақтама;

« Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумының облыстық кезеңі бойынша Сақабаева Айару 2-орын

## 2024-2025 оқу жылындағы іс-шаралар

«О. Әлібаев атындағы ЖББМ» КММ-нің 2024-2025 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық

пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын

болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі

жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары

мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз –тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүдденi дамыту
Мектепке дейінгі ұйым түлегі:
Отан, ел, туған өлке туралы қарапайым түсініктері;
Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы білімдері;
мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылу;
ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білімдері;
туған өлкенің табиғатына қамқорлықпен қарау бойынша біліктері мен дағдылары бар.
Бастауыш мектеп түлегі:
мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;
мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;
дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;
отбасының құндылығын түсіну;
тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;
қоршаған ортаға қамқорлық жасау.
Негізгі орта мектеп түлегі:
Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;
Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;
Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету;
азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;
мемлекеттік тілді меңгеру;
Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу;
әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;
Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.
Жалпы орта мектеп түлегі:
халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;
ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;
мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;
мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;
отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;
Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.
Құндылық: бірлік және ынтымақ
Құзыреттілік: тиімді коммуникация
Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

отбасындағы, балабақшадағы, қоғамдық орындардағы қарапайым мінез-құлық нормаларын білу;

басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табысуға дайын екендігін таныту;

ойы мен сезімдерін білдіре алу;

Бастауыш мектеп түлегі:

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;

өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;

басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;

бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;

тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну;

сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;

тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;

бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу;

басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану;

ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау;

басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну;

қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерде қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау;

мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.

Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

жауапкершіліктің қарапайым дағдыларын меңгеру;

уәделерді орындай білу.

Бастауыш мектеп түлегі:

шындықты айту; достыққа адал болу; жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;

өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау; заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

Негізгі орта мектеп түлегі:

өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;

әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау;

оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;
берілген ортақ іс үшін  ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;
басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу;
Жалпы орта мектеп түлегі:
нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу;
әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу;
қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану;
белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету;
тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.
Құндылық: заң және тәртіп
Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық
Мектепке дейінгі ұйымның түлегі*:*
жалпы қабылданған мінез-құлық нормалары мен ережелері жөнінде қарапайым түсініктердің болуы;
үлкендерді құрметтей білу;
үйде, балабақшада, қоғамдық орындарда дұрыс мінез-құлықтың қарапайым дағдыларын қалыптастыру.
Бастауыш мектеп түлегі:
өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;
қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;
педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;
кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.
Негізгі орта мектеп түлегі:
құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу; тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну; қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.
Жалпы орта мектеп түлегі:
өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау;
моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану;

тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Мектепке дейінгі ұйымның түлегі:

үйде, топта қарапайым тапсырмаларды орындай білу; үй жануарларына, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау дағдыларының болуы; жеке гигиенаны өз бетінше сақтау, ұқыпты киіну және өз заттарын күту, өз бетінше тамақтану және тазалықты сақтай білу; жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Бастауыш мектеп түлегі:

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;

өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;

отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;

нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;

өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалау;

түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту;

өз уақытын тиімді жоспарлай білу және кез келген қызметтің нәтижелеріне қол жеткізу үшін күш салу;

еңбек қоғамдық және табысты болудың негізі екенін түсіну;

жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарлардың жеке траекториясын саналы түрде таңдауға және құруға дайын болу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы;

өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау;

нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу;

еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну;

дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Мектепке дейінгі ұйымның түлегі:

шығармашылыққиялменелестетугенегізделгенөнертабысқақызығушылық таныту; сурет салу, мүсіндеу, құрастыру дағдыларының болуы; жаңа нәрсе жасау үшін қалыптасқан біліктер мен дағдыларды қолдана білу.

Бастауыш мектеп түлегі:

Қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу;

Жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдана алу;

инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;

жаңа тәсілдермен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;

өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығымен салдарын түсіну.

Негізгі орта мектеп түлегі:

Тапсырмаларға шығармашылықпен қарай білу, өзшешімдері мен идеяларын ұсына білу;

Өз бетінше әрекет ету және жобаларды іске асыру;

бақылау, өлшеу, эксперименттермен тәжірибелер жүргізу;

модельдеу,таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы қатынастарды іздеу және бөлу, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу;

оқу есептерін шешудің оңтайлы тәсілдерін таба білу, ол үшін жаңаларын қолдану және бұрыннан таныс алгоритмдерді біріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешуге қолдана алу;

әртүрлі таным құралдарын қолдану дағдылары, әлем туралы білім жинақтау (тілдік, оқырмандық мәдениет, ақпараттық, цифрлық ортадағы қызмет).

Жалпы орта мектеп түлегі:

Зерттеу жүргізу және ғылыми тәсілді қолдану қабілеті;

Ақпаратты талдау және бағалау;

Жаңа идеяларды ұсыну;

Заманауи цифрлық құралдармен технологияларды меңгеру;

Мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

«О. Әлібаев атындағы ЖББМ» КММ-нде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары жасалып бекітілді

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы:

| Оқу жылы | Сынып комплексі | зерттеуші | сарапшы | модератор | санатсыз |
|---|---|---|---|---|---|
| 2024-2025 | 19 | 2 | 2 | 8 | 7 |

**Тәрбие жұмысы бойынша оқушылардың аудандық, облыстық,республикалық жетістіктері:**

**https://drive.google.com/file/d/1ddk0349s5NF2gfEQaq5KqRUC991r3iSa/view?usp=drive_link - 2022/2023**

**https://drive.google.com/file/d/13mnHIfwoQzxFNkYRW0obXumM-yDbKuUQ/view?usp=drive_link -2023/2024**

**https://drive.google.com/file/d/13dj-OSWl6i1HKNwU1H6bv7ng39e8Ms1s/view?usp=drive_link -2024/2025**

**Тәрбие бағытындағы аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға қатысу нәтижесі төмендегідей**

**2022-2023 оқу жылы**

| № | Аудандық | Облыстық | Республикалық | Халықаралық | % |
|---|---|---|---|---|---|
| | 11 | 10 | 10 | 0 | 64% |




**2023-2024 оқу жылы**

| № | Аудандық | Облыстық | Республикалық | Халықаралық | % |
|---|---|---|---|---|---|
| | 38 | 7 | 2 | 0 | 19% |




### Психологиялық қызмет

Оқушылардың психикалық және психологиялық денсаулығына, олардың әлеуметтенуіне, әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсету мақсатында мектепте психологиялық қызмет жұмыс істейді.

Мектептің психологиялық қызметінің негізгі мақсаты – оқу-тәрбие үрдісінің барлық қатысушыларына жан-жақты әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- оқушылардың психикалық дамуының ерекшеліктерін диагностикалау, диагностикалық жұмыстардың нәтижелерін бақылау;

- білім алушыларға дамудың, оқытудың, әлеуметтенудің өзекті мәселелерін шешуге көмектесу (оқу қиындықтары, кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері, құрдастарымен, ата-аналарымен, мұғалімдерімен қарым-қатынас мәселелері);

- мектептегі әлеуметтік-психологиялық ахуалды үйлестіруге педагогикалық ұжымға көмек көрсету;

- оқушылардың, ата-аналардың, мұғалімдердің психологиялық мәдениетін дамыту;

- оқушыларда дұрыс өзін-өзі бағалауды дамытуға ықпал ету, мектептегі қорқыныш пен алаңдаушылықты жою;

- әр жас кезеңінде оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыруға ықпал ету;

- балалардың танымдық және эмоционалды-еріктік салаларын дамытуға белсенді қатысу;

- тұлға дамуының әрбір жас кезеңінде танымдық үрдістің дамуына ықпал ету жұмыстарын жалғастыру;

- ынтасы төмен балаларға көмек көрсету үшін арнайы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау.

Берілген міндеттерді орындау бойынша жұмыстар директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері, мұғалімдермен бірлесе отырып жүргізіледі.

Білім беру үрдісін психологиялық қамтамасыз ету келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: психодиагностика, психотәрбиелеу, психологиялық алдын алу, психологиялық кеңес беру, психотүзету және дамыту, білім беру қызметінің барлық субъектілерімен әлеуметтік үйлестірілімділік қызмет.

«О.Әлібаев атындағы ЖББМ » КММ-нің психологиялық қызметінің жұмысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы негізгі құжаттарына негізделеді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;

- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы; - БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы;

- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2021 жылғы 24 қарашадағы өзгерістер мен толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі (өзгерістер мен толықтырулар 02.07.2021 ж.);

- «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (01.07.2021 ж. өзгертулер мен толықтыруларымен);

- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (өзгерістер мен толықтырулар 01.07.2021 ж.);

- «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

Педагог-психолог өз қызметінде жұмыстың барлық бағыттарын қамтитын құжаттаманы жасайды,(номенклатура бойынша құжаттар тізімі):

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 08-01 | Психологиялық қызметтің жұмысы нормативті құқықтық құжаттары (ережелер, талаптар, нұсқаулықтар және т.б.) | | Тұрақты<br>2 тармақ<br>1 тармақша | |
| 08-02 | Психологиялық қызметтің жылдық жұмыс жоспары | | Тұрақты<br>178 тармақ<br>1 тармақша | |
| 08-03 | Психологиялық қызметтің жылдық есептері (есептік-тіркеу құжаттары) | | Тұрақты<br>178 тармақ<br>1 тармақша | |
| 08-04 | Диагностикалық жұмыс құжаттары:<br>- сауалнамалар;<br>- әдістемелер; | | Тұрақты<br>25 тармақ | |
| 08-05 | Оқушылармен коррекциялық-дамыту құжаттары:<br>- бағдарламалар;<br>- материалдарды жинақтау; | | 1 жыл СТК<br>535 тармақ | |
| 08-06 | Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс құжаттары:<br>- жоспаралар;<br>- есептер;<br>- басқа құжаттар | | 1 жыл СТК<br>535 тармақ | |
| 08-07 | Аутодеструктивті жүріс-тұрысты оқушылармен алдын алу жұмыс құжаттары:<br>- өз-өзіне қол жұмсауды алдын алу;<br>- жинақтаушы материалдар; | | 10 жыл СТК<br>621 тармақ | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 08-08 | Зорлық-зомбылықты алдын алу құжаттары:<br>- жоспарлар;<br>- ақпараттар;<br>- басқа құжаттар | | Тұрақты<br>521 тармақ | |

**Психологиялық қызметтің міндеттері:**

1) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін- өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
2) білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуы жағдайында

олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;

3) білім алушылардың тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;
4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың

шығармашылық әлеуетін дамыту;

5) психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
6) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие

жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге

консультациялық көмек көрсету;

7) білім беру үдерісі қатысушыларының психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Психологиялық қызмет психодиагностикалық → түзету-дамытушылық профилактика және психологиялық ағарту → консультациялық →

әлеуметтік-диспетчерлік → ұйымдастыру-әдістемелік бағытта жүзеге асырылады

**3 жылдық жоспар / сілтемелері /**

**2022-2023 оқу жылы жоспары-**

https://drive.google.com/drive/folders/1oZg7psKmEf3zq6wkFuNYCtl1vkGR4TYb?usp=sharing

**2023-2024 оқу жылы жоспары –**

https://drive.google.com/drive/folders/1HAmXV_nMNVzIOWB72t6H9CSZizyDIOO-?usp=sharing

**2024-2025 оқу жылы жоспары –**

https://drive.google.com/drive/folders/1y0LgtYWXD7s1DRHtZMlY9Z_sWRgyoJPy?usp=sharing

2022 жылдан бастап педагог-психологтің құжаттамасы HR+ психологиялық-педагогикалық мониторингінің автоматтандырылған жүйесі аясында электронды форматта жүргізілуде.

Барлық психодиагностикалық жұмыстар жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Ата-аналар мен мұғалімдер психодиагностика нәтижелерімен таныстырылды (ата-аналар жиналысында және топтық және жеке кеңес беру кезінде).

*Педагог-психологтің психодиагностикалық жұмысы келесі әрекеттерді қамтиды:*

- 1, 5-сынып оқушыларының бейімделуін зерттеу (офлайн);

- 1, 11-сынып оқушыларының мотивациялықаумағын зерттеу (HR+ жүйесі шеңберінде);

- 1-сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуының диагностикасы МЭДИС (офлайн);

- Филлипс бойынша 5-сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін зерттеу (HR+ жүйесі шеңберінде);

7-11-сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауы бойынша диагностика: (HR+ жүйесі аясында цифрлық кәсіптік бағдар беру науқаны);

- тұлғааралық қарым-қатынастарды зерттеу (социометрия) (HR+ жүйесі шеңберінде);

- 9, 10-сыныптар үшін мазасызданудың Кондаш диагностикасы (HR+ жүйесі аясында);

- 7 және 9-сынып оқушыларының агрессивтілік түрін анықтау диагностикасы (Басс-Даркитесті) (HR+ жүйесі шеңберінде);

- 9-сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуының диагностикасы ШТУР (HR+ жүйесі шеңберінде);

**психолог есептері:** / **сілтемелері** /

**2022-2023 оқу жылы есебі-**

https://drive.google.com/drive/folders/14ITmlkgdGkCok8nDWBNTZyCWSdhZWOfr?usp=sharing

**2023-2024 оқу жылы есебі-**

https://drive.google.com/drive/folders/1zZrX3WzTZ6tC2u0cgeraXMcXhpozqwF9?usp=sharing

***«О.Әлібаев атындағы ЖББМ» КММ-нің 3 жыл бойынша психологиялық диагностикалар нәтижелерінің мониторингі***

| № | Диагностика | Оқу жылдары | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2022-2023 | 2023-2024 | 2024-2025 (1 тоқсан) |
| 1 | Интеллектуалдық даму диагностикасы | Ж.-51% О.-42% Т.-7% | Ж.-50% О.- 42% Т- 8% | Ж.-53% О.-40% Т.-7% |
| 2 | Мотивацияның қалыптасқанын зерттеу | В.-65% Ср.-34% Н.-1% | В.-66% Ср.-31% Н.-3% | В.-62% Ср.-35% Н.-3% |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | Тұлғааралық қатынастарды зерттеу(социометрия) | Жұлдыздар -8% Қалаулы -24% Қабылданған -55% | Жұлдыздар -8% Қалаулы - 25% | Жұлдыздар -10% Қалаулы -25% Қабылданған -58% |
| 4 | 5-сынып оқушыларының мектептегі мазасыздану деңгейін зерттеу | Ж.-5% О.-25% Т.-70% | Ж.-4% О.-25% Т.-71% | Ж.-4% О.-27% Т.-69% |
| 5 | 1-сынып оқушыларының бейімделуі | Ж.-57% О.-35% Т.-8% | Ж.-51% О.-40% Т.-9% | Ж.-56% О.-35% Т.-9% |

**Ескерту:**

**Ж.-жоғары деңгей О.- орта деңгей**

**Т.-төмен деңгей**

**Социометриялық зерттеулердің нәтижелері 3 жыл**




**Социометриялық мәліметтерді салыстырмалы талдау мектеп ұжымындағы оқушылар үшін жағымды әлеуметтік-психологиялық ахуалды көрсетеді.**

**2024-2025 оқу жылының І тоқсанында қарым-қатынас әл-ауқатында орташа деңгейлі («қабылданғандар» 60%) оқушылардың басымдығы байқалады. Топтағы қабылданбағандар анықталған жоқ (0%).**

**1.Психодиагностикалық бағыт.**

Мақсаты: Білім алушылардың психикалық дамуын анықтау мақсатында психологиялық диогностикалау; Білім алушылардың бейімделуі, дамуы мен әлеуметтену мақсатында кешенді психологиялық тексеру; Білім алушылардың қабілеттілігі, қызығушылығы мен икемділігін психологиялық

диогностикалау. Психологиялық диогностиканың қорытындысы бойынша психологиялық тұжырымдар мен ұсыныстарды дайындау.

Оқушылармен өткізілетін диагностикалық әдістемелер:

1 – сынып оқушыларының бейімделуі (Керн-Йерасека әдістемесі)

5-сынып оқушылардың бойындағы мазасыздықтың түрін және денгейін зерттеу әдістемесі (З.Филипс әдістемесі)

«Н.Г.Лусканова» оқушылардың оқу мотивациясын анықтау әдістемесі.

Социометрия әдісі бойынша сынып оқушыларының қарым-қатынас деңгейін зерттеу.

Оқушылардың интеллектуалдық денгейін анықтау САТ (КОТ) әдістемесі

Зорлық-зомбылықты анықтау сауалнамасы

Қоғамдағы және жеткіншектер арасындағы бопсалау қысымын анықтау.

Оқушылардың бойларындағы агрессия түрін және оның көрініс беру ерекшеліктерін анықтауға арналған «Басса-Дарки» әдістемесі

Айзенк оқушылардың темпераменттерін анықтау сауалнамасы

Суицидтік мінез-құлық деңгейін анықтау әдістемесі

9-11-сынып оқушыларымен кәсіби бейімділіктерін анықтауға арналған

«Е.А. Климов» сауалнамасы

10 – сынып оқушыларымен кәсіби бейімділіктерін анықтауға арналған

«Йовайши» сауалнамасы

4 – сынып оқушыларының үрей деңгейін анықтау (Кондаш әдістемесі)

«Мұғалім-оқушы қарым-қатынасы стилі» әдістемесі

Дарынды оқушылармен «Ақыл-ой дамуының мектептік тесті» АДМТ- штур

## 1 – сынып оқушыларының бейімделуі (Керн-Йерасека әдістемесі)

| **Деңгей** | **2022-2023 оқу жылы** | **2023-2024 оқу жылы** | **2024-202 оқу жылы** |
|---|---|---|---|
| Жоғарғы деңгей | 16 оқушы | 21 оқушы | 15 оқушы |
| Орташа деңгей | 10 оқушы | 8 оқушы | 10 оқушы |
| Төмен деңгей | 1 оқушы | 2 оқушы | 2 оқушы |

**3.Филипс 5-сынып оқушылардың бойындағы мазасыздықтың түрін және денгейін зерттеу әдістемесі.**

| Оқу жылы | Мектепт егі жалпы мазасыз дық | Әлеумет стресті ұйымдас тыу | Қажетті- лікті өтеудегі сәтсіздік | Үрейдің көрінісі | Білімді тексеру үстіндегі үрей | Айн. күткен нәт.-ден үрейлену | Физиологт ұрғыдан қарсыл.тө менгі табалдырығы | Мұғалім мен қар-қат-дағы үрей |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 оқу жылы | 7% | 11% | 5% | 26% | 21% | 9% | 10% | 11% |
| 2023-2024 оқу жылы | 9% | 11% | 7% | 32% | 24,7% | 3% | 4,3% | 9% |
| 2024-2025 оқу жылы | 16,5% | 13,2% | 7,3% | 23% | 10% | 12,5% | 10,5% | 7% |




**«Н.Г.Лусканова» 5 – сынып оқушыларының оқу мотивациясын анықтау әдістемесі.**




**Социометрия әдісі бойынша 5-сынып оқушыларының қарым-қатынас деңгейін зерттеу**

**Социограмма 4 шеңберден тұрады:**

1-дөңгелекке – шетте қалушылар;

2- дөңгелекке – елеусіз;

3- дөңгелекке – құрметті;

4- дөңгелекке – жұлдыз (көшбасшы) орналастырылады

**Оқушылардың интеллектуалдық денгейін анықтау САТ (КОТ) әдістемесі.**

| *Нәтижесі* | *2022-2023* | *2023-2024* | *2024-2025* |
|---|---|---|---|
| төмен | 20,6 | 19,8 | 18,5 |
| орташадан төмен | 21,7 | 20,1 | 20,9 |
| орташа | 15,5 | 16,2 | 19,5 |
| Орташадан жоғары | 20,3 | 20,9 | 25,4 |
| жоғары | 21,9 | 23 | 15,7 |

**7-сынып оқушыларынының бойларындағы агрессия түрін және оның көрініс беру ерекшеліктерін анықтауға арналған «Басса-Дарки» әдістемесі.**

| **Агрессия түрлері** | **2022-2023 оқу жылы** | **2023-2024 оқу жылы** | **2024-2025 оқу жылы** |
|---|---|---|---|
| Физика-лық агрессия | 14,5 | 5,8 | 7,5 |
| Жанама агрессия | 10,9 | 19,1 | 10,6 |
| Тітіркенушілік | 7,2 | 13,2 | 6,6 |
| Негативизм | 21,8 | 10,2 | 4 |
| Өкпелегіштік | 18,1 | 7,7 | 26,6 |
| Күдіктенушілік | 12,7 | 20,5 | 2,6 |
| Вербалды агрессия | 5,4 | 14,7 | 22,1 |
| Кінәлілік сезімі | 9,4 | 8,8 | 20 |




## Г.Айзенктің оқушылардың темпераменттерін анықтау сауалнамасы



**Суицидтік мінез-құлық деңгейін анықтау әдістемесі.**




**9-11 -сынып оқушыларымен кәсіби бейімділіктерін анықтауға арналған «Е.А.Климов» сауалнамасы**



**10 – сынып оқушыларымен кәсіби бейімділіктерін анықтауға арналған «Йовайши» сауалнамасы**




## 1-11 сынып оқушыларының оқу мотивациясының қалыптасуының 3 жылдағы сауалнама нәтижелері

Танымдық мотивацияның қалыптасуын зерттеу барысында I тоқсанда

1-11 сынып оқушыларының 64% танымдық мотивацияның оңтайлы деңгейін көрсеткені анықталды, бұл өткен жылымен салыстырғанда 3% жоғары. Бұл оқушылар өз білімдерін тереңдетуге, көшбасшылар қатарында болу үшін жақсы оқуға, факультативтер мен үйірмелерге қатысуға ұмтылады, өйткені олар мұғалімдердің сабақта талап ететінінен көбірек білгісі келеді.




2024-2025 оқу жылының I тоқсанында танымдық мотив жетекші орында (76%) – бұл оқушылар білім алудың әдіс-тәсілдерін меңгеруге бағытталған білімді өз бетінше меңгеру әдістеріне, ғылыми білім әдістеріне, өзін-өзі реттеу әдістеріне қызығушылықтары тәрбие жұмысының, ұтымды ұйымдастырылуы.

Екінші орында жетістік мотивтері (74%), жетістікке жетуге ынталы оқушылар әдетте алдына қандай да бір оң мақсат қояды, оны жүзеге асыруға белсенді қатысады және мақсатқа жетуге бағытталған құралдарды таңдайды. Үшінші орында, көрсеткіштер бойынша, өзін өзі дамыту мотиві (73%) – қызмет үрдісі мен нәтижесіне қызығушылық, өзін-өзі дамытуға ұмтылу, адамның кейбір қасиеттері мен қабылеттерін дамыту.

**Оқушылардың интеллектуалдық дамуын зерттеу нәтижелері 3 жылғы**



Зерттеу нәтижелерін сапалық және сандық талдау 1-11 сынып оқушыларының интеллекуалдық дамуы деңгейінің 2024 жылы І тоқсанда 1%-ға өскені анықталады. Зерттеу талдауы көрсеткендей, 1-11 сынып оқушылары үшін ең қиын тапсырмалар нысандар мен ұғымдарды жалпылау және салыстару қабылетіне арналған тапсырмалар болды.

Оқушылар тапсырмаларды орындау қоғамдық және жаратылыстау ғылымдары бойынша тапсырмаларда ең көп қателік жіберді. Оқушылар физика, математика және гуманитарлық пәндер бойынша тапсырмаларды сәтті орындады.

Оқушылардың интеллектуалдық дамуын одан әрі дамыту үшін сынып жетекшілеріне тақырыптық сынып сағаттарында әртүрлі шығармашылық тапсырмалар мен жаттығуларды қолдану ұсынылды.

**1 сынып оқушыларының бейімделу нәтижесі 3 жылғы**




Психологиялық қызмет жұмысының маңызды кезеңдерінің бірі 1 және 5 сынып оқушыларының бейімделуі болып табылады, өйткені бұл кезеңде оқушылардың танымдық, мотивациялық және эмоционалды-еріктік бөлімдерінің қайта құрылымдауы жүреді.

Бейімделу бойынша зерттеу нәтижелерін талдау 2024 жылы І тоқсанда үлгерімі жоғары оқушылар санының 3%-ға төмендегенін көрсетеді.

1 сынып оқушыларының аз бөлігі әлі де оқу іс-әрекетінде қиындықтарды бастан кешіреді (эмоционалдық-еріктік бөлімінің бұзылуы, сондай-ақ ата-ана бақылауының болмауы себеп болуы мүмкін).

Оқуда қиындықтары бар барлық оқушылар психологтің көмегі ұсынылды. Мұғалімдерге оқушылармен саралау әдісін қолдану ұсынылды.

**5 сынып оқушыларының бейімделу нәтижесі 3 жылғы**




**Лусканов тест –**

Бейімделу бойынша зерттеу нәтижелерін талдау 2024 жылдың I тоқсанда 5 сынып оқушылары арасында бейімделуі 10% балалардың бар екенін анықтады. Оның себебі, ата-ана тарапынан бақылаудың төмендігі болуы мүмкін. Бейімделу кезеңінде оқушыларды бақылау нәтижелер оқу іс-әрекетіде және оқу үлгерімінде мәселелерді көрсетті (23%).

**Филлипс тест**

Мұны оқушылардың жас ерекшеліктерімен, олардың эмоционалдық тұрақсыздығы, кенеттен көңіл-күйлерінің өзгеруі, қызығушылықтарының тұрақсыздығымен түсіндіруге болады. Ұл балаларда эмоционалдық тұрақсыздықтың шыңы 11 мен 13 жас аралығына сай келеді (5-6 сыныптар). Бейімделулері қиын оқушылармен жеке жұмыс жүргізіліп, ата-аналар мен кездесулер ұйымдастырылды.

**Мұғалімнің қанағаттанушылығын зерттеу**

Зерттеу әдісі: социологиялық сауалнама. Сауалнама Google Forms-те анонимді түрде жүргізілді.

Әдістеменің сипаттамасы: мұғалімдерге 15 сұраққа жауап беру ұсынылды, бұл келесі көрсеткіштерді анықтауға мүмкіндік берді

• Жұмысты ұйымдастыруға қанағаттанушылық (1, 2, 3, 8 сұрақ)

• Мұғалімнің кәсіби және басқа да жеке қасиеттерін көрсету және жүзеге асыру мүмкіндігіне қанағаттану (1, 11, 12 сұрақ)

• Мұғалімдермен және мектеп әкімшілігімен қарым-қатынасқа қанағаттанушылық (4, 7, 9 сұрақтар)

• Оқушылармен және олардың ата-аналарымен қарым-қатынасқа қанағаттанушылық (5, 13, 14)

• Мұғалімнің іс-әрекетін қамтамасыз етуге қанағаттанушылық (1, 6, 10 сұрақ) 2024 жылдың қыркүйек айында 59 мұғалім қатысты.

Мұғалімдер сауалнамасының нәтижелері: Жоғары дәрежелі Қ – 47 мұғалім 80% Орташа дәрежесі Қ – 12 мұғалім 18,2% Төмен дәрежелі Қ – 1 мұғалім 1,7%




**Мұғалімдердің 2024 жылғы сауалнамасының нәтижелері Қорытынды: мектептегі жұмыс сапасына мұғалімдердің 100%-ы қанағаттанады.**

**Әрбір сауалнама сұрағына оң жауаптар нәтижелерінің кестесі**

| № | Сұрақ | 2024 жыл |
|---|---|---|
| 1 | Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын | 100% |
| 2 | Маған тиімді әдістемелік көмек көрсетіледі | 92% |
| 3 | Жұмыс жағдайына көңілім толады | 97% |
| 4 | Мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне көңілім толады | 97,5% |
| 5 | Мектеп оқушылар арасындағы қақтығыстарды тоқтатып, тиімді шешеді. | 97,5% |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | Мектептің оқу-материалдық базасына көңілім толады | 88% |
| 7 | Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптасқан | 97,5% |
| 8 | Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын | 92% |
| 9 | Оқу сабақтарының сәтті өтуі үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдармен қамтамасыз етілген | 85% |
| 10 | Мектеп менің кәсіби және шығармашылық өсуіме жағдай жасады | 95% |
| 11 | Мектепте мұғалімдерді ынталандыру әдістері белгіленген | 90% |
| 12 | Мен бірге жұмыс жасайтын балалар білімге ұмтылады. | 95% |
| 13 | Оқушыларыммен қарым-қатынасыма көңілім толады | 97,5% |
| 14 | Сынып жетекшісі ретіндегі жұмысыма көңілім толады | 92,5% |
| 15 | Сұрақтар, пікірлер | 88% |

2024 жылға арналған әрбір әдіс сұрағы бойынша нәтижелер

14 мұғалім (24%) 15 сұраққа пікір жазды

- мектептің материалдық-техникалық базасының сапасын арттыруды жалғастыру 6 мұғалім (42%)

- мұғалімдерді ынталандыру жүйесін жетілдіру 4 мұғалім (29%) - мектептің көркеюіне тілектес 4 мұғалім (29%)

Сауалнама нәтижелерінен қорытынды: білім беру үдерісіне барлық қатысушылардың сауалнама нәтижелерін талдау негізінде мектеп жұмысына, яғни мектеп қызметіне қанағаттану деңгейі басым деп айтуға болады, табысты және білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандырады деп санауға болады.

Мектеп педагог-психологінің ата-аналармен жүргізетін ағарту және алдын алу жұмыстарының мазмұны балалардың өзекті мәселелерін талдау болыпта былады.

Сынып жиналыстарында, тәрбие күндерінде психологиялық әңгімелесу кезінде педагог-психолог баланың дамуының осы кезеңінде тиімді болатын ата-ана мен бала қарым-қатынасының түрлерін ұсынады.

Оқу жылында келесі ата-аналар жиналысы өткізіледі:

- «Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек»;

- «5-сынып оқушыларының бейімделу кезеңінде ата-аналарға психологиялық көмек көрсету»;

- «Жасөспірімдердің ата-аналарына психологиялық көмек»;

- «4-сынып оқушыларының орта білімге көшуге дайындығы» тренинг элементтерімен (4-сынып).

- «Мен табысты ата-анамын» - «Мен және менің балам»;

- ата-аналарды 7-11-сыныптардағы цифрлық кәсіптік бағдарлау HR+ жүйесі компаниясы туралы ақпараттандыру (бағдарламасы бойынша);

- аудандық ата-аналар Форумына қатысу (2024-2025оқу жылы).

Ата-аналармен кеңес беру, алдын алу жұмыстарын жүргізу үшін жеке консультациялар (сұраныс бойынша) өткізіледі. Психологиялық қызмет «Мектеп қауіпсіздік» тобымен бірлесіп, өмірлік қиын жағдайға тап болған оқушылармен тұрақты түрде жұмыс жасайды:

- оқушылардың жеке қасиеттерінің диагностикасын ұйымдастыру және жүргізу (ата-аналарының өтініші бойынша);

- оқушылардың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыруға, алаңдаушылық, агрессивтілік деңгейін төмендетуге, әлеуметтік интеллектін арттыруға және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға бағытталған жеке түзету сабақтары;

- мектептің ақпараттық сайтында және жасөспірімдер чаттарында сенім телефондарын орналастыру.

Жеткіншектердің тұрақты тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдай жасау мақсатында орта буын оқушыларымен «Өзіңе апарар жол» факультатив сабақтары өткізіледі. Сабақ барысында мәселелік өмірлік жағдаяттарды өз бетінше сәтті жеңуге, мектептен кейінгі тәрбиелік және қоғамдық ортаға әлеуметтену құзіреттілігін қалыптастыру дағдылары мен біліктері қалыптасады. Сабақтағы жұмыс әдістеріне лекция, әңгімелесу, пікірталас, рөлдік және іскерлік ойындар, семинарлар, тренингтер, жаттығулар, ертегі терапиясы, арт-терапия жатады. Оқушылардың үрдіске белсенді субъективті қатысуын көздейтін интерактивті формалар басым қолданылады. Таңдау

бойынша қорытынды жұмыс – «Біздің сынып» жобасын топтық құрастыру және қорғау.

Мектепте жоғары сынып оқушыларының оқу бейінін және болашақ кәсіптік қызмет саласын таңдау үрдісінде оқушыларға кәсіптік бағдар беруді қамтамасыз ету мақсатында педагог-психолог «Мамандықтар әлемінде» элективті сабағын жүргізеді. Оқушылар мамандықтар әлемімен, еңбек нарығының талаптары мен білім беру қызметтерімен, мамандық таңдау ережелерімен танысады. Бұл сабақтарда жүйке жүйесінің ерекшеліктерін, ойлауын, мінез-құлқын, қызығушылықтары мен кәсіби бейімділіктерін зерттеуге бағытталған диагностикалық әдістер қолданылады. Жұмыс ойын әдістерін, модельдеу әдістерін, диагностикалық әдістерді, топтық жұмыс әдістерін, тренингтерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Факультативтік сабақтардың нәтижесі оқушылардың «Менің болашақ мамандығым», «Ата-анамның мамандығы», «Менің арманымдағы мамандық» тұсаукесерлері болады, олардың ең үздіктері әртүрлі кәсіптік бағдар беру байқауларына қатысады.

Емтихан тапсыру кезінде (9 және 11-сыныптар) оқушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында тренинг элементтері бар бірқатар сабақтар өткізіледі:

- «Емтихан тапсыруға психологиялық тұрғыдан қалай дайындалу керек?»; - «Стресс. Стрестік жағдайдан шығу жолдары»;

- «Өзіңді басқаруды үйрен»;

- «Жақында емтихандар» (кеңестер, бейнероликтер, 9-11-сыныптар) т.б.

Психологиялық қызметтің маңызды бағыты оқушылардың аутодеструктивті және қоғамға жат мінез-құлықтарының алдын алу болып табылады.

Жұмыс бекітілген жоспар бойынша оқу-тәрбие үрдісінің барлық қатысушыларымен: оқушылармен, мұғалімдермен, мектептің техникалық қызметкерлерімен, ата-аналармен жүргізіледі.

Жыл бойына бірқатар іс-шаралар өткізіледі:

- әртүрлі тақырыптарда ата-аналар жиналысын өткізу;

- аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларының және қорғаншылықтағы балалардың тұрмыс-жағдайын тексеру;

- арнайы педагогикалық назарды талап ететін балалардың деректер банкін құрастыруға назар аудару;

- оқушылармен жеке сабақтар (ата-аналардың өтініші бойынша);

- 1-11-сынып оқушылары үшін «Қауіпсіз интернет» сынып сағаттары;

- «Эмоциялар. Эмоцияларды басқару», «Психикалық денсаулық дегеніміз не?», «Біз кім үшін және не үшін оқимыз?», «Бұл қиын жастық шақ» (5-6 сыныптар); «Мектептегі жанжалдардың алдын алу»;

- қоғамдық орындарда қауіпсіз мінез-құлық, жеке шекара тақырыптары бойынша сабақтар;

-психологиялық мәселелер туындағанда ата-аналарға, балаларға немесе мұғалімдерге жедел кеңес беру.

Сынып жетекшілері мен мектеп мұғалімдеріне психологиялық тәрбие беру мақсатында жыл бойына «Мұғалімдердің эмоционалдық күйзелуі», «Мектептегі буллингтің алдын алу», «Мектеп оқушыларын оқуға қалай ынталандыру керек?», «Ұжымдағы қақтығыстарды қалай шешуге болады?» атты семинарлар өткізіледі т.б.

Емтихан кезінде оқушыларды педагогикалық қолдау және сүйемелдеу үшін сынып жетекшілер мен мұғалімдерге арналған практикалық ұсыныстар әзірленді.

Мектептің қауіпсіздік командасымен бірлесіп жыл сайын мектеп оқушыларымен құқықтық сауаттылық апталығы, инабаттылық сағаты, «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!», «Төзімді бол», «Алғыс айтуды үйрен» т.б тренингтер өткізіліп тұрады.

Ата-аналармен жұмыс жасаубойынша ұсыныстар әзірленді: «Балалармен қарым-қатынас жасау ережелері», «Балалық шақтағы агрессияның алдын алу», «Ата-анаға 10 өсиет», «Сіздің балаңыз - бірінші сынып оқушысы», «Z ұрпағымен қалай қарым-қатынас жасау керек» т.б.

Сынып жетекшілеріне - «Оқушылармен психикалық денсаулықты сақтау сабағын қалай өткізу керек».

Осылайша, мектептің психологиялық қызметі оқушылардың әлеуметтік-психологиялық және тұлғалық дамуына, психологиялық денсаулығын сақтауға және оқу-тәрбие үдерісінің барлық қатысушыларына психологиялық қолдау көрсетуге барынша көмек көрсетеді.

2024-2025 оқу жылының I тоқсанында қарым-қатынас әл-ауқатында орташа деңгейлі («қабылданғандар» 58%) оқушылардың басымдығы байқалады. Топтағы қабылданбағандар 1% құрайды.

## Р.Кондаш 4-сынып оқушылардың бойындағы мазасыздықтың түрін және денгейін зерттеу әдістемесі

| Оқу жылы | Оқу мазасыздығы | | | Өз-өзін бағалау мазасыздығы | | | Қарым-қатынас мазасыздығы | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жоғары | Орта | Төмен | Жоғары | Орта | Төмен | Жоғары | Орта | Төмен |
| 2021-2022 оқу жылы | 7% | 43% | 50% | 0% | 50% | 50% | 7,20% | 21,40 % | 71,40 % |
| 2022-2023 оқу жылы | 0,00% | 43% | 57% | 0% | 21,40 % | 78,60 % | 0% | 19% | 81% |
| 2023-2024 оқу жылы | 0,00% | 21,5 % | 78,5% | 0% | 35,70 % | 64,30 % | 0% | 42,90 % | 57,10 % |

## «Мұғалім-оқушы қарым-қатынасы стилі» әдістемесі.



**Дарынды оқушылармен «Ақыл-ой дамуының мектептік тесті» (АДМТ-штур)**




**Зорлық-зомбылықты анықтау сауалнамасы**

Отбасындағы және қоғамдағы зорлық-зомбылықты анықтау және алдын алу мақсатында жыл сайын жасырын түрде сауалнама өткізіледі. Осы уақыт аралығында зорлық-зомбылыққа ұшырағандығын хабарлаған жауап анықталмады. Оқушылар ондай жағдайға тап болған жағдайда ата-аналарына, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен сынып жетекшілеріне, мектеп психологына хабарлайтындығын жазған. Отбасында өздерін жақсы, тыныш, қуанышты сезінетіндіктерін жазған. Жыл сайын сыныптар бойынша сауалнама соңында оқушыларға зорлық-зомбылықтың түрлері, ондай жағдайға тап болғанда қалай әрекет ету керектігі туралы ақпарат беріледі. Оқушылардың ойлары сұралып, әңгіме жүргізіледі.

**Зорлық-зомбылық жоспар –**

https://drive.google.com/drive/folders/1SCZeUCBqHUPBcoH6VPg_epiabcFP1Wlc?usp=sharing

**Зорлық-зомбылық 2023-2024 оқу жылы талдау**

https://drive.google.com/file/d/1ah1n4aPh3ylS7Cv6nf8Fo6RdsKDsUYxs/view?usp=sharing

https://docs.google.com/document/d/1FF_xF0fCWnFfojPtBxsjj13IT9qYSlFA/edit?usp=sharing&ouid=102087899244211396771&rtpof=true&sd=true

https://docs.google.com/document/d/1O-yeJ6uKcRBb-rjgCcgyl9HrCUvla3Ag/edit?usp=sharing&ouid=102087899244211396771&rtpof=true&sd=true

**5-11сынып оқушыларының оқу мотивациясының қалыптасуының 3 жылдағы сауалнама нәтижелері**

Танымдық мотивацияның қалыптасуын зерттеу барысында I тоқсанда 5-11 сынып оқушыларының 64% танымдық мотивацияның оңтайлы деңгейін көрсеткені анықталды, бұл өткен оқу жылымен салыстырғанда 1% жоғары. Бұл оқушылар өз білімдерін тереңдетуге, көшбасшылар қатарында болу үшін жақсы оқуға, факультативтер мен үйірмелерге қатысуға ұмтылады, өйткені олар мұғалімдердің сабақта талап ететінінен көбірек білгісі келеді.




2024-2025 оқу жылының I тоқсанында танымдық мотив жетекші орында (76%) – бұл оқушылар білім алудың әдіс-тәсілдерін меңгеруге бағытталған: білімді өз бетінше меңгеру әдістеріне, ғылыми білім әдістеріне, өзін-өзі реттеу әдістеріне қызығушылықтары. Тәрбие жұмысының, олардың тәрбие жұмысын ұтымды ұйымдастыруы.

Екінші орында жетістік мотивтері (74%), жетістікке жетуге ынталы оқушылар әдетте алдына қандай да бір оң мақсат қояды, оны жүзеге асыруға белсенді қатысады және осы мақсатқа жетуге бағытталған құралдарды таңдайды.

Үшінші орында, көрсеткіштер бойынша, өзін-өзі дамыту мотиві (73%) – қызмет үрдісі мен нәтижесіне қызығушылық, өзін-өзі дамытуға ұмтылу, адамның кейбір қасиеттері мен қабілеттерін дамыту.

**Оқушылардың интеллектуалдық дамуын зерттеу нәтижелері 3жылғы**




Зерттеу нәтижелерін сапалық және сандық талдау 5-11 сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуы деңгейінің 2024 жылы 1 тоқсанда 1%-ға өскенін анықтады. Зерттеу талдауы көрсеткендей, 5-11сынып оқушылары үшін ең қиын тапсырмалар нысандар мен ұғымдарды жалпылау және салыстыру қабілетіне арналған тапсырмалар болды.

Оқушылар тапсырмаларды орындау барысында физика, математика және гуманитарлық пәндер бойынша тапсырмаларды сәтті орындады.

Оқушылардың интеллектуалдық дамуын одан әрі дамыту үшін сынып жетекшілеріне тақырыптық сынып сағаттарында әртүрлі шығармашылық тапсырмалар мен жаттығуларды қолдану ұсынылды.

**Бірінші сынып оқушыларының бейімделу нәтижесі 3 жылғы**




Психологиялық қызмет жұмысының маңызды кезеңдерінің бірі 1 және 5-сынып оқушыларының бейімделуі болып табылады, өйткені бұл кезеңде оқушылардың танымдық, мотивациялық және эмоционалды-еріктік бөлімдерінің қайта құрылымдауы жүреді.

Бейімделу бойынша зерттеу нәтижелерін талдау 2024 жылы 1 тоқсанда үлгерімі жоғары оқушылар санының 3%-ға өскенін көрсетеді.

1-сынып оқушыларының аз бөлігі әлі де оқу іс-әрекетінде қиындықтарды бастан кешіреді (эмоционалдық-еріктік бөлімінің бұзылуы, сондай-ақ ата-ана бақылауының болмауы себеп болуы мүмкін).

***Бесінші сынып оқушыларының бейімделу нәтижесі 3жылғы***




Бейімделу бойынша зерттеу нәтижелерін талдау 2024 жылдың 1 тоқсанында 5-сынып оқушылары арасында бейімделуге қиын 9% балалардың бар екенін анықтады. Оның себебі, ата-ана тарапынан бақылаудың төмендігі болуы мүмкін. Бейімделу кезеңінде оқушыларды бақылау нәтижелер оқу іс-әрекетінде және оқу үлгерімінде мәселелерді көрсетті (23%).

Мұны оқушылардың жас ерекшеліктерімен, олардың эмоционалдық тұрақсыздығы, кенеттен көңіл-күйлерінің өзгеруі, қызығушылықтарының

тұрақсыздығы мен түсіндіруге болады. Ұл балаларда эмоционалдық тұрақсыздықтың шыңы 11 мен 13 жас аралығына сай келеді (5-6-сыныптар).

Бейімдеулері қиын оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіліп, ата-аналармен кездесулер ұйымдастырылды.

***Мектептегі білім беру қызметінің сапасына қанағаттанушылықты зерттеу нәтижелері***

Мектепте көрсетілетін қызметтердің сапасын қанағаттандыру мақсатында 2024 жылдың қыркүйегінде зерттеу жүргізілді.

Зерттеу әдісі: сауалнама. Сауалнама Google Forms-те анонимді түрде жүргізілді.

Әдістеменің сипаттамасы: білім алушыларға 16 сұраққа жауап беру ұсынылды, бұл келесі көрсеткіштерді анықтауға мүмкіндік берді

• Мектептегі ішкі психологиялық климат (1,2 сұрақ)

• Студенттер мен оқытушылар арасындағы қарым-қатынас (3,4 сұрақ) • Оқушылардың жеке, шығармашылық қабілеттерін дамыту (12 сұрақ)

• Оқушылардың қауіпсіздігін, жайлылығын және сенімділігін сезіну (5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 сұрақ)

• Оқушылардың мектеп өміріне деген қызығушылығы (13, 14, 15 сұрақ)

Өңдеу барысында әрбір көрсеткіш респонденттердің жалпы санынан пайызбен көрсетілді.

Нәтижелерді интерпретациялау: қанағаттану көрсеткіші (Қ) – барлық респонденттердің жауаптарының жалпы балын жауаптардың жалпы санына бөлу коэффициенті. Егер Қ 3-тен үлкен немесе тең болса, қанағаттанудың жоғары дәрежесі; 2-ден 3-ке дейін – қанағаттанудың орташа дәрежесі; егер Қ 2-ден аз болса, қанағаттану дәрежесі төмен. Содан кейін қанағаттану деңгейі жоғары, орташа және төмен респонденттердің саны есептеледі.

2024 жылдың қыркүйегінде сауалнамаға 2-11сыныптардың 279 оқушысы (жалпы оқушылар санының 90%) қатысты. Оқушылар сауалнамасының нәтижелері:

**Жоғарыдәрежелі Қ – 58% Орташадәрежесі Қ – 32% Төмендәрежелі Қ – 10%**

